

Қазақ экономика,
қаржы және
халықаралық сауда
университетінің

ЖАРҒЫСЫ

2009 жылдан бастап шығарылады



№4
2016

ВЕСТНИК

Казанского университета
экономики, финансов
и международной
торговли

издается с 2009 года

Главный редактор:

Г.С. Сейткасимов,
научный руководитель
по экономическим исследованиям КазУЭФМТ,
академик НАН РК, д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора:

А.А. Мусина,
директор Центра социально-экономических исследований,
д.э.н., доцент

Редакционная коллегия:

С.А. Абдымананов	ректор КазУЭФМТ, д.пед.н., профессор математики
И.Ж. Искаков	ректор АНОО ВПО Межрегионального института экономики и права при МПА ЕврАзЭС, к.ю.н.
В.П. Тихомиров	научный руководитель Московского государственного университета экономики, статистики и информатики, д.э.н., профессор
Г. Ревалде	ректор Вентспилсской высшей школы, д.тех.н., ассоциированный профессор
Е. Әмірбекұлы	проректор по академической деятельности и науке КазУЭФМТ, д.э.н., профессор
Д.М. Турекулова	завкафедрой менеджмента КазУЭФМТ, д.э.н., доцент
Б.Т. Аймурзина	декан факультета послевузовского образования КазУЭФМТ, д.э.н.
Д.К. Аксеитова	технический секретарь, главный специалист отдела организации НИР КазУЭФМТ

Свидетельство о регистрации №15459-Ж (вторичное)
Выдано Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан
Комитет связи, информатизации и информации

МАЗМУНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИКА

<i>Мусабаева А.К.</i> Еліміздегі моноқалалардың пайда болу жолдары мен негізгі мәселелері.....	3
<i>Оразбаева К.Н., Қадырбергенова А.К.</i> Қазақстан Республикасында мұнай химиясы өнеркәсіптерін дамыту мәселелері мен болашағы.....	10
<i>Серіков Р.С.</i> Экономикалық категория ретіндегі мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің мәні.....	16
<i>Сартбасова Ж.К.</i> Қазіргі кездегі ұлттық банктің екінші деңгейлі банктерді қадағалау қызметінің дамуы.....	23
<i>Кожабаетаева С.А., Джаниева А.У.</i> Анализ и методы оценки эффективности инвестиционной деятельности предприятия в современных условиях.....	28
<i>Сатканова Р.Г., Уразова Б.А.</i> Основные направления повышения конкурентоспособности экономики региона	35
<i>Флек А.А.</i> Психологические особенности обслуживания клиентов и продаж туристского продукта в офисе туристской компании.....	41
<i>Нугманова А.</i> Инструменты достижения экономических задач Китая в Центральной Азии через экономический пояс Великого Шелкового пути.....	49
<i>Gutkevych S., Sydorenko P.</i> The impact of reputational risks on investment activity.....	56
<i>Voloshenko A.</i> State imperatives of the resistance to the economic corruption.....	66

МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА / МАРКЕТИНГ И ЛОГИСТИКА

<i>Дулатбекова Ж.А.</i> Ауыл шаруашылығы өндірістік инфрақұрылым жүйесіндегі маркетинг қызметін ұйымдастыруда ескерілуі қажет жағдайлар.....	72
<i>Абауова Г.М.</i> Международный опыт логистики и эксплуатации объектов в сфере выставочной деятельности.....	77

ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ / УЧЕТ И АУДИТ

<i>Жабытай Б.Н.</i> Ішкі аудиттің Қазақстандағы даму кезеңдері мен шетелдік тәжірибесі.....	82
<i>Ашкербекова С.И.</i> Основные направления совершенствования учета и отчетности лизинговых операций в соответствии с МСФО.....	86

ПЕДАГОГИКА, ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ МӘСЕЛелері / ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ, ИНФОРМАТИКИ И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

<i>Валиева А.Б.</i> Болашақ әлеуметтік педагог мамандарын дайындаудағы құзыреттілік мәселелері.....	92
<i>Сағатова Ш.Б.</i> Жиырмамыншы жылдардағы сын мәселелері.....	98
<i>Успанова А.И.</i> Администрирование компьютерной сети.....	101
<i>Байдалина М.Е.</i> Экология и безопасность жизнедеятельности.....	106

БІЗДІҢ ТОЙ ИЕЛЕРІ / НАШИ ЮБИЛЯРЫ

<i>Сейткасимов Г.С.</i> Скромное обаяние большого трудолюбивого творческого человека.....	112
---	-----

ӘОЖ 911.372.4

А.К. Мусабиева, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ

ЕЛІМІЗДЕГІ МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ЖОЛДАРЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XXI ғасырда экономикада, нарықта, жалпы сөздік қорда «моноқала» деген жаңа термин пайда болды. Термин ретінде кейін пайда болғанымен, сөзге түсініктеме берсек, оған қатысты мәселелер мемлекетке де, жоғары билікке де, халыққа да бұрыннан таныс. Қазіргі таңда Қазақстанда жалпы 27 моноқала бар екені тіркелген. Осы қалалардағы туындап отырған мәселелерді шешу стихиялық және құтқарушылық сипатта емес, жүйелі және ұзақ мерзімді жоспарлануда. Ол үшін моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жж. арналған бағдарламаның ережесін ескеруі қажет.

Негізгі ұғымдар: моноқала, функционалдық тип, моноқалалар мәселесі.

«Моноқала деп қандай қалаларды атаймыз? Бұл жаңа географиялық термин қандай мақсатпен енгізілді?» деген сұрақтарға жауап қарастырсақ. Моноқала дегеніміз – бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20%-дан астамы) шоғырландырылған қала.

Моноқалалар санатына тұрғындарының саны 10 мыңнан 200 мыңға дейін адамы бар қалалар жатқызылады:

– қаланың негізінен өңдеу секторының қала құраушы кәсіпорындарының өнеркәсіп өндірісінің көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20%-дан астамын құрайтын (мономамандандыру);

– қаланың қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған халықтың 20%-дан астамы жұмыс істейтін;

– қала құраушы кәсіпорындары жартылай істейтін немесе мүлдем істемейтін өлшемдердің бірімен сипатталатын қалалар кіреді.

Бағдарлама 2012 ж. 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленді. Моноқалаларды дамытудың бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 ж. 30 қаңтардағы №261 Жарлығымен бекітілген. Бағдарлама елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 ж. дейінгі болжамды схемасын іске асыру тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл ретте құжат «Өңірлерді дамыту», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020» және басқа бағдарламалар шеңберінде өңірлерді дамытуды мемлекеттік қолдау жөніндегі шаралардың логикалық жалғасы, монобейінді қалаларды дамыту шараларын шоғырландыра отырып және оларды толықтыра отырып, елдің дағдарыстан кейін дамуы жағдайында ұзақ мерзімді негізде дамыту болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде бөлек шағын қалалар, жоспарлы экономика кезеңіндегі бұрынғы моноқалалар және қазіргі уақытта істемейтін және ішінара жұмыс істейтін қала құраушы кәсіпорындар қаралуда. Бұл ретте

көптеген моноқалаларға қаламен экономикалық тығыз байланыстағы қала маңындағы кенттер мен ауылдық елді мекендер әкімшілік бағыныста.

Кейбір түсініктемеде моноқала сөзі монофильді қалалық білім, монофильді экономикалы қала, шағын қалалар сияқты сөздердің синонимі, ол бізге Кеңес Одағынан «мұраға» қалған. Себебі, дәл сол кезде елдің ірі республикасы аймақтарының бірінің дамуында негізгі салмақ құрылыс пен монопрофильді қалалық білімге, шағын қалалар мен қалалық типтегі кенттерге салынып, бұлар елдегі салалардың біріндегі кәсіпорынға қатаң телініп, соларға тәуелді болды. Бірінші кезекте назарды шағын қалаларға бөліп, Кеңес басшылары өз кезегінде халықтың монопрофильді қалаларға деген қызығушылығын жоғалтпас үшін ірі қалалардың өсуіне үнсіз шектеу қойды. Бірақ КСРО-ның ыдырауынан кейін оның кеңістігінде жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болып, моноқалалар мәселесі өзекті маңызға ие бола бастады. Көпшілік жағдайда бұл ірі бизнес пен инвесторлар, сонымен қатар қаржылық институттар еш толқусыз мегаполистерді таңдап алып, шағын қалаларды назардан тыс қалдыруына байланысты болатын.

Бұл кезде ауқымды экономикалық дағ-

дарыс ірі бизнестің ірі қалаларда орнығуға деген ниетін одан әрі күшейте түсті. Соның арқасында жақсы өмірді іздеумен шағын қалаларды тастап, мегаполистерге қоныс аударуға талпынған халықтың көші-қон белсенділігінің артуы туралы мәселе уақыт өте келе жиі көтеріле бастады. Бұл өз кезегінде елдің әр түрлі аймақтарында үйлері «қанырап бос қалған», инфрақұрылымы қираған, болашағы жоқ «елес-қалалардың» пайда болуына ықпал етті.

Осылайша «моноқала» санатына негізгі белгісі халықтың тұрақты қоныстануымен ерекшеленетін халықтың ықшам өмір сүруі жүйесін жатқызамыз.

Қазақстанда моноқалалар тізбесі халық саны 1,53 млн адамды немесе елдің қалаларындағы халық санының 16,8%-ын (кесте) құрайтын 27 қаланы қамтиды, олардың ішінде 16 қала тиісті аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады, ал қалған 11 қала (Степногор, Текелі, Серебрянск, Курчатов, Шахты, Саран, Қаражал, Лисаков, Арқалық, Ақсу, Жаңаөзен) аудан орталықтары болып табылмайды.

Олардың бір бөлігі облыстық маңызы бар қалалар болып саналады, бір бөлігі аудандардың бірігуі нәтижесінде аудан орталығы мәртебесін жоғалтты.

Кесте. Қазақстан Республикасы моноқалаларының тізімі

Рет. №	Моноқалалардың атауы	Экономикалық әлеует (ж.а.о. бағалауы бойынша)
1	2	3
Ақмола		
1.	Степногорск	орташа
Ақтөбе		
2.	Хромтау	жоғары
Алматы		
3.	Текелі	орташа
Атырау		
4.	Құлсары	орташа
Батыс Қазақстан		
5.	Ақсай	орташа

1	2	3
Жамбыл		
6.	Қаратау	орташа
7.	Жаңатас	төмен
Қарағанды		
8.	Балқаш	орташа
9.	Жезқазған	орташа
10.	Қаражал	орташа
11.	Саран	орташа
12.	Сәтбаев	орташа
13.	Теміртау	жоғары
14.	Шахтинск	орташа
15.	Абай	орташа
Қостанай		
16.	Арқалық	төмен
17.	Жітіқара	орташа
18.	Лисаковск	орташа
19.	Рудный	жоғары
Маңғыстау		
20.	Жаңаөзен	орташа
Павлодар		
21.	Ақсу	жоғары
22.	Екібастұз	жоғары
Шығыс Қазақстан		
23.	Зыряновск	орташа
24.	Курчатов	орташа
25.	Риддер	жоғары
26.	Серебрянск	орташа
Оңтүстік Қазақстан		
27.	Кентау	орташа

Қазақстандағы моноқалалардың тізімін негізінен халық саны 100 мыңнан асатын 4 қаланы (Теміртау, Рудный, Жаңаөзен, Екібастұз) есептегенде, халық саны 50 мың адамға дейін жететін шағын қалалар құрайды. Моноқалалар қатарына Шығыс Қазақстан облысынан Риддер, Зырян, Се-

ребрянск және Курчатов қалалары жатады.

Моноқалалардың басты салалық құрылымдарының экономикалық базалары, негізгі қала құраушы кәсіпорындар туралы деректері бар қалаларды мынадай үш функционалдық типке бөлуге болады:

1. Өндіру өнеркәсіптері басым дамыған –

21 қала, оның ішінде:

– мұнай және газ өндіру – Ақсай, Құлсары, Жаңаөзен;

– көмір өндіру – Абай, Шахты, Саран, Екібастұз;

– металл кенін өндіру – Арқалық, Балқаш, Қаражал, Риддер, Зырян, Кентау, Лисаков, Рудный, Текелі, Хромтау;

– шикізат ресурстарының өзге түрлерін өндіру – Жаңатас, Қаратау, Жітіқара;

2. Өңдеу өндірісі басым дамыған – 6 қала, олардың қатарында:

– металлургия өнеркәсібі – Ақсу, Жезқазған, Сәтбаев, Теміртау;

– машина жасау, металлургия өнеркәсібі (алтын), уран өндірісі – Степногорск;

– химия өнеркәсібі – Серебрянск.

3. Ғылыми-өнеркәсіптік орталық – Курчатова қаласы.

Қала құраушы кәсіпорындардың ағымдағы жағдайларына қарай моноқалалар төмендегідей болып бөлінеді:

1) Қала құраушы кәсіпорындар жұмыс істейтін моноқалалар (19 қала) – Абай, Ақсу, Ақсай, Балқаш, Жаңаөзен, Жезқазған, Жітіқара, Зырян, Қаражал, Құлсары, Курчатова, Лисаков, Риддер, Рудный, Сәтбаев, Теміртау, Хромтау, Шахты, Екібастұз.

2) Қала құраушы кәсіпорындар ішінара жұмыс істейтін моноқалалар (5 қала) – Арқалық, Жаңатас, Қаратау, Саран, Степногор.

3) Қала құраушы кәсіпорындар мүлдем жұмыс істемейтін қалалар (3 қала) – Кентау, Серебрянск, Текелі. Ауданға бағынатын моноқаланың дербес бюджеті жоқ және қаржыландыру жоспары бойынша ауданнан қаржыландырылады. Бұл ретте ауданның бюджеттері негізінен дотациялық сипатта болып келеді [1].

Моноқалаларда Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісінің едәуір бөлігі шоғырланған. 2011 ж. 1 қаңтарына Серебрянск қаласында 58 әр түрлі нысанды меншіктегі шаруашылық субъектілері қызмет еткен, оның ішінде: өндірістік кәсіпорын – 5, орта және шағын бизнес – 13.

Қаланың тіршілік әрекетін екі кәсіпорын қамтамасыз етеді – «Серебрянск қаласының жылу орталығы» және «Серебрянск қаласының су құбыры». Айналымдағы қаражаттың жетіспеушілігіне, пайданың жоқтығына қарамастан, ұжым жауапкершілігі мен облыс және жергілікті бюджетінің қолдауымен коммуналдық кәсіпорындар 2010 ж. бірқалыпта жұмыс атқарды.

Негізінен қорғаныс саласында арнайы жұмыстарды атқару үшін Кеңес Одағында жабық әкімшілік-аумақтық елді мекендер құрылған болатын, оларды қазіргі уақытта моноқалалар қатарына жатқызуға болады. Қазақстанда мұндай қалалар қатарына Курчатова қаласы жатады. Моноқалалардағы өнеркәсіптік өндіріс бір-екі салаларға маманданумен сипатталады, ал басқа салалардың дамуы айтарлықтай емес немесе қала құраушы өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмыс істеуін тоқтатқан. Өндіріс көлемінің төмендеуі немесе қала құраушы кәсіпорындардың тоқтауы қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жалпы нашарлауына алып келеді [2].

Жан басына шаққандағы өнеркәсіптік өндіріс көлемі моноқалаларда – мұнай, газ өндіру және метал кендері орталықтарында (Ақсай, Ақсу, Қаражал, Хромтау, Зырян, Құлсары, Риддер) орташа республикалық деңгейден артық. Пайдалы қазбаларды өндіру жерлерінде орналасқан моноқалаларды дамыту кен орындарының өмір циклінің кезеңіне, өнімге деген сұраныс деңгейіне байланысты болады. Қазақстанның батысындағы (Ақсай, Жаңаөзен, Құлсары) жаңа мұнай және газ-кен орындарын өндіру аудандарында орналасқан моноқалалар өндірісі өсуінің жоғары қарқындарына, инвестициялардың үлкен көлеміне және халықтың жоғары кірістеріне ие. Сонымен қатар пайдалы қазбалар қорларының азаюынан, өнімге деген сұраныстың төмендеуінен жағдайы төмендеп кеткен профильді бірқатар моноқалалар бар. Оларға Арқалық (боксит қорларының таусылуы), Текелі (кендегі түсті

металдардың аз болуы), Жітіқара (асбестке сұраныстың азаюы) қалалары және басқалары жатады. Моноқалалардағы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары шығаратын өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігінен, сұраныстың болмауынан өнім өткізу нарықтарының алыс болуы немесе тасымалдаудың жоғары тарифтері (мысалы, Серебрянск қаласы) тұрып қалуда немесе ішінара жұмыс істеуде. Олардың жағдайы қондырғының физикалық және моральды тозуымен, көші-қон нәтижесінде білікті кадрларды жоғалтуымен үдей түскен. Моноқалалардың ішінен өнеркәсіптік өндірісі тежелген немесе толық тоқтатылған қала топтары ерекшеленеді. Олар – Жаңатас, Қаратау, Серебрянск. Моноқалаларда шағын бизнесті дамытуға төмен өндірістік және тұтынушылық сұраныс, кәсіпкерлерде өтімді кепілді мүліктің болмауы салдарынан қаржылық-кредиттік ресурстарға қол жетімсіздігі кедергі келтіреді.

2011 ж. моноқалалардағы халықтың жалпы саны 1,53 млн адамды құрады. Он жыл кезең ішінде моноқалалардағы халықтың жалпы өсуіне қарамастан (4%-ға), олардың 11-інде халық саны 11,8%-ға қысқарды. Нәтижесінде халық санының азаюы Арқалық – 33,5%, Қаражал – 19,5%, Абай – 19,3%, Жаңатас – 18,2% және Серебрянск қалаларында – 16,3% байқалуда. Моноқалалардан халықтың миграциялық кетуінің негізгі себептері – жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі, халықтың ақшалай кірістерінің төмендігі, білім алуға ұмтылыстары. Моноқалалардан еңбекке жарамды халықтың миграциялық кетуінің басқа мәселесі халықтың қартаю үрдісі болып табылады. Кейбір қалаларда жұмысқа қабілетті жастан үлкен халықтың үлесі 18%-дан жоғары (Лисаков, Риддер және басқалары).

Қазіргі күнде көптеген моноқалалардың неғұрлым өткір мәселесі жұмыстың болмауы болып табылады. Нәтижесінде жұмыссыздықтың және халықтың өзін-өзі

жұмыспен қамту үлесінің жоғары деңгейі, орташа республикалық деңгейді орташа қалалық деңгеймен (2009 жылы 7,2%) салыстырғанда жұмыссыздық деңгейінің неғұрлым жоғары көрсеткіші Арқалық (9,4%), Кентау (8,7%), Ақсу (7,9%) қалаларында байқалады. Бұдан басқа, көптеген моноқалаларда экономикалық белсенді халықтың үштен бірінен көбі өзін-өзі жұмыспен қамту санатына кіреді. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың неғұрлым жоғары көрсеткіштері Қаратау (49,7%), Арқалық (49,3%), Жітіқара (47%), Жаңатас (31,7%) және Құлсары қалаларында (30,7%) байқалады. Еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі сақталуда. Қазіргі уақытта еңбек нарығында ұсыныс жағынан негізінде жақын ауылдық аудандардан көшіп келген бұрынғы ауыл тұрғындарынан ұсыныс түседі. Көшіп келген ауыл тұрғындарының біліктілігі көбінде өте төмен және еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмейді. Осының салдарынан моноқалалардың жетістіктері мен экономиканы дамыту жетістіктерін негізге ала отырып, жаңа сапалы негізде кадрлық әлеуетті ұлғайту жөніндегі шараларды қабылдау қажеттілігі туындайды [1].

Еңбек нарығындағы мәселелердің тікелей салдары моноқалаларда жоғары кедергі деңгейінің сақталуы болып табылады. Көптеген моноқалалардың орташа жан басына шаққандағы кірісі орташа облыстық деңгейге жетпейді. Айталық, Арқалық, Кентау, Балқаш, Саран қалаларында орташа жан басына шаққандағы қаржылық кірістері орташа облыстық деңгейдің 80-85%, ал Хромтау қаласында 73% құрайды [3].

Моноқала халқы кірістерінің негізгі көзі кәсіпорындар мен мекемелердегі (негізінде бюджеттік) еңбекақы болып табылады. Олардың үлесі кірістердің жалпы сомасының 50-60%, кірістердің 20-30% зейнетақылар, шәкіртақылар, әр түрлі жәрдемақылар, қосалқы шаруашылықтан түсімінің – 10-15%, қалғаны – жақындар мен достарының көмегі.

Көліктік орналасуы бойынша моноқалаларды екі топқа бөлуге болады. Олар темір жол бағытына жақын орналасқан қалалар (20 қала) және темір жол бағытынан алыс немесе тіптен темір жол тұйығында орналасқан (7 қала).

Елдің 27 моноқалаларының ішінен халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарына жақын – 7, республикалық маңызы бар – 14, жергілікті маңызы бар – 7 қала орналасқан. Моноқалалардың дамуын тежейтін негізгі мәселелердің бірі – өндірістік инфрақұрылымның қанағаттанбаушылық жағдайы. Әсіресе көлік алыстығы және автомобиль жолдарының нашар жағдайының өткір мәселесі тұр. Ірі өткізу нарықтарынан, қала агломерацияларынан алыс, көлік тұйығы Арқалық (590 м²), Жезқазған (550 м²) және т.б. қалалардың дамуын қиындатады. Олардың облыс орталықтарымен байланысы ерекше оңалту жұмыстарын талап ететін автомобиль жолдарына тәуелді.

Инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның қанағаттанарлықсыз жағдайы елдің моноқалаларының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Су құбыры, кәріздік, жылу және электр жүйелерінің тозуы елеулі қаржылық салымдарды талап етеді. Осылайша, моноқалалардың жартысында (14 қала) электр жүйелерінің тозуы 70%-ды құрайды. Бұл ретте ең жоғарғы көрсеткіштер Ақсай (94%), Риддер (82%), және Жігіқара (81,3%) қалаларына тән. Жылу желілерінің тозуы Текелі (80%), Зырян (80%), Серебрянск (78%), Курчатов (68%), су құбырларының тозуы Жаңатас (95%), Зырян (82%), Серебрянск (75%), Курчатов (74%), Қаратау (60%), Кентау (60%) қалаларында байқалады.

Моноқалалардың әлеуметтік инфрақұрылымының негізгі мәселелері, сонымен қатар, балалық мектепке дейінгі мекемелердің жетіспеушілігіне, халықты медициналық кадрлармен қамтамасыз етудің төмендігіне және басқа да мәселелерге байланысты. Осылайша, мектепке дейінгі білім бе-

руді қамту көрсеткіші Қаратау қаласында – 34,8%, Жаңатас қаласында – 35,4%, ол республикалық деңгейден айтарлықтай төмен (3-6 жастағы балалар үшін 65,4%) [1].

Моноқалалардағы өнеркәсіптік дамудың экологиялық салдарлары қатарына атмосфералық ауаның ластануы, топырақтың, тұщы судың және су қоймаларындағы балықтардың химиялық ластануы, халықтың ауруының жоғарылауы жатады. Экологиялық қолайсыздықтың көздері:

- күл үйінділерінің жиналуы, жалпы қалалық тазалау ғимараттарының жоқтығы;
- кәріз жүйелері мен қалаға жақын орналасқан дала сүзгіштері жағдайының нашарлығы;
- үйінділер мен кен өндіруші кәсіпорындардың қалдық сақтауыштары көлемінің үлкендігі;
- қатты отынмен жұмыс істейтін көптеген шағын қазандықтардың ластанушы заттарды шығаруы болып табылады.

Қазақстанның көптеген моноқалаларының негізгі мәселелері – жұмыспен қамтылғандар санының қысқаруы, тұрғындардың тұрмыс жағдайының нашарлауы, әлеуметтік шиеленістіліктің өсуі. Мысалы, соңғы 20-25 жылда «Қаратау» ӨБ (қазіргі кезде «Казфосфат» ЖШС) сияқты кәсіпорындарда қызметкерлер саны едәуір азайды – 10,6 мың адамнан 1,5 мың адамға дейін. Саран қаласының «Қарағанды резинотехника» ӨБ-де 1985 ж. 7 мың адам жұмыс істеген болса, қазіргі уақытта жұмысшылар саны 500 адамнан аспайды. Осындай жағдай елдің басқа да көптеген моноқалаларында байқалады.

Өндіруші кәсіпорындардың шикізат базасының сарқылуы, өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, қала құраушы кәсіпорындардағы ескірген технологиялар, Кеңес Одағының ыдырауына байланысты технологиялық тізбектердің үзілуі өндіріс көлемінің төмендеуі мен қала құраушы кәсіпорындар жұмысы тоқтауының негізгі себептері болып табылады.

Осылайша, моноқалалардың экономи-

касы мен әлеуметтік саласын талдау оларға тән негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Оларға мыналар жатады:

1. Экономикалық мәселелер: негізгі қала құраушы кәсіпорынның тоқтауы немесе тоқтау қаупі (қалалардың өндіруші кәсіпорындарындағы кен базасының сарқылуы, бәсекеге қабілетсіз өнім); қала экономикасының әртараптандыру деңгейінің төмендігі; халықты жұмыспен қамтудың қала құраушы кәсіпорынға тәуелділігінің жоғарылығы; қала бюджетінің қала құраушы кәсіпорыннан түсетін салық түсімдеріне тәуелділігінің жоғары деңгейлігі және салық базасының қысқаруы.

2. Әлеуметтік мәселелер: жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы; көптеген моноқалалардағы тұрғындардың кіріс деңгейінің төмендігі, жалпы өмір сүру сапасының төмендігі; көптеген моноқалаларда халық санының азаюы; әлеуметтік шиеленіс өсімінің ықтимал үрдістері.

3. Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымының мәселелері: инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылымның тозу деңгейінің жоғарылығы; аумаққа түсетін экологиялық жүктелімнің жоғарылығы, аумақтардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға едәуір бейімділігі [4].

Моноқалаларды дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу барысында монобейінді елді мекендердің мәселелерін шешудегі әлемдік тәжірибе ескерілді. Әлемнің әр түрлі елдеріндегі және әр түрлі кезеңдердегі кейбір моноқалалардың мәселелері мен жағдайлары көбінесе қазіргі кездегі Қазақстанның моноқалаларындағы жағдаймен ұқсас. Қалалардың монобейінділігі Қазақстан экономикасының бірегей сипаты емес. Бір салалық мамандандырылған қалалар әлемнің басқа елдерінде де кең таралған.

Әр түрлі елдер өздерінің моноқалала-

рының мәселелерін шешудің түрлі жолдарын таңдады. Біздегі жағдайға ең жақыны Германия, Австралия, Жапония, АҚШ сияқты елдердің моноқалаларының мәселелері.

Әлемдік моноқалаларды дамыту практикасында Теннант-Крик қаласы (Австралия) тәжірибесінің орны ерекше. Қала шахталарындағы көмір шахталары сарқылғаннан кейін, жұмыспен қамту деңгейін сақтау үшін мемлекет және қала құраушы кәсіпорын мамандар мен шахтерларды басқа кен орындарына көшіруді ұйымдастырды, бұл жұмыс орындарын ғана емес, кадр әлеуетін сақтап қалуға да мүмкіндік берді.

Жапонияда моноқалалардың мәселелерін шешуді мемлекет пен қала құраушы кәсіпорын бірлесе жүзеге асырып отырды. Бұл жерде қызметкерлердің бір бөлігін компанияның басқа қалалардағы өндірістік қуаттарына ауыстыру ұйымдастырылды. Бұл ретте қала құраушы кәсіпорын экономиканың әр түрлі салаларында жаңа шағын кәсіпорындар құрды (электроника және ақпараттық жүйелер, өмірге қажетті тауарлар мен азық-түлік өндіру, технопарк құру).

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, мемлекет тарапынан да, қала құраушы кәсіпорын тарапынан да бірлескен мүдделестік жоғары болған қалалар өздерінің мәселелерін шешуде неғұрлым табысты болады.

Қайта даярлау курстарын, бизнес-инкубаторларды ұйымдастыру, қала құраушы кәсіпорынның жаңа өндірістерді құруы, салық жеңілдіктері сияқты негізгі күштер кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған моноқалаларда едәуір алға басу байқалады.

Сонымен қатар моноқалалардың мәселелерін шешу жолдарының бірі – қалалар экономикасын ұзақ мерзімдік әртараптандыруға бағытталған балама өндірістерді орналастыру бойынша «зәкірлік» деп аталатын жобалар.

Әдебиеттер

1. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жж. арналған бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» ШЖҚ РМК. 2012 // <http://adilet.zan.kz/kaz/>.
2. Махан Бет. Моноқалаларды дамыту маңызды болғанмен, тиімсіз... // Абай-ақпарат. <http://old.abai.kz>.
3. Махан Бет. Моноқалаларды дамыту қайткенде тиімді? // «Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журналы. – 2015. www.akikatkaz.kz
4. Қайрақбаев Б.Ә. Моноқалалар болашағы – мемлекет мүддесі // Қазақстан заман газеті. <http://www.kazakhstanzaman.kz>.

Резюме

В статье рассматривается понятие о моногородах, их возникновение и основные проблемы. Автор приводит примеры относящиеся к списку моногородов нашей страны, также рассматривает их функциональные типы.

Summary

In the article the concept about monocities, their occurrence and major problems is considered. In the article the author cites examples relating to the list of monocities of our country, also considers their functional types.



ӘОЖ 665.63-404(574)

К.Н. Оразбаева, *тех.ғ.д, профессор*

ҚазЭҚХСУ

А.К. Қадырбергенова, *докторант*

Еуразия ұлттық университеті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҰНАЙ ХИМИЯСЫ
ӨНЕРКӘСІПТЕРІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Мақалада Қазақстанда мұнай химиясы өндірісін қалыптастыру және дамыту мәселелері зерттелген. Мұнай химиясы саласының өнеркәсіптерінің орналасуына әсер ететін факторлар талданған. Жұмыс істеп тұрған және нақты жаңа мұнай химиясы өнеркәсіптерін дамыту шаралары негізделген. Қазақстанда синтетикалық каучук, резеңке-техникалық бұйымдар және шина өнімдерін өндіру болашағы талданған. Мұнай химиясының тауарлық өнімдерін өндіру мен экспортқа шығару көлемінің болжамды көрсеткіштері анықталған. Атырау облысының Аумақтық даму стратегиясы аясында «Атырау облысындағы индустриалды-инновациялық мұнай химиясы технопаркі» арнаулы экономикалық аймағын құру міндеттері және оларды жүзеге асыру стратегиялары тұжырымдалған.

Негізгі ұғымдар: мұнай химиясы, этилен, пропилен, арнаулы экономикалық аймақ, мұнай химиялық технопаркi.

Мұнай химиясы өнеркәсібі мұнай мен табиғи газды өңдеу өнімдеріне негізделген синтетикалық материалдар мен бұйымдарды қамтитын ауыр индустрия саласына жатады. Мұнай химиясы өнеркәсібі кәсіпорындарында синтетикалық каучук, негізгі органикалық синтез өнімдері (этилен, пропилен, полиэтилен, полипропилен, жуу заттары, минералды тыңайтқыштар, дәрі-дәрмектер), күйе, резеңке бұйымдары (автотегершіктер, резеңке-техникалық бұйымдар және кең көлемдегі тұтыну заттары), асбест-техникалық бұйымдар шығарылады. Полимерлерді, майлау майларын, бояу еріткіштерді, сондай-ақ органикалық қосылыстарды өндірудің үлкен үлесі мұнай химиясына тиесілі [1].

Мұнай химиясы өнеркәсібі – прогрессивті, өндіріс тиімділігі үздіксіз, қарқынды дамушы сала. Бұл салаға жоғары өнімді қондырғылар ендірілуде, арнаулы көптонналық өндірістер құрылуда, автоматты басқару жүйелері жобаланып, ендірілуде.

Мұнай химиясы саласының өнеркәсіптерінің орналасуына түрлі факторлар әсер етеді, олардың ішінде маңыздыларына мыналар жатады: шикізат, энергия, су көздері, тұтынушылар, еңбек ресурстары, экологиялық жағдай, инфрақұрылым. Кез келген мұнай химиясы өндірісін орналастыру үшін міндетті түрде өзара байланысқан аталған факторлардың барлығын ескеру қажет. Қазақстан Республикасының батысында, атап айтқанда, Атырау облысында жоғарыда аталған, тағы басқа мұнай химиясы өндірістерін орналастыруға және дамытуға қажетті факторлардың барлығы жеткілікті, яғни мұнай химиясы өндірісін қалыптастыру мен дамытудың болашағы зор [2, 3].

Өнеркәсібі дамыған елдерде мұнай химиясының даму қарқыны оның қанағаттанарлық деңгейіне байланысты, салыстырмалы түрде баяу, бірақ дамушы елдерде (әсі-

ресе Таяу және Шалғай Шығыс елдерінде) сала қазіргі таңда өте жоғары қарқынмен дамуда. Мысалы, Қытайда оның даму қарқыны жылына 10-15% құрайды. Мұнай химиясы саласы жылдам қарқынмен Оңтүстік Кореяда, Малайзияда, Сауд Арабиясында, Вьетнамда, Иранда, Кувейтте және бірнеше басқа елдерде дамуда. Мұның нәтижесінде әлемдік химия индустриясында мұнай химиясы үлесі үздіксіз өсуде. Бүгінгі таңда ол 40% шамасында, оның ішінде өндірістік дамыған елдерде 35%, Ресейде – 40%, Таяу Шығыста – 80-85%.

Мұнай химиясы саласы мұнай өңдеу сияқты сыбайлас саласына қарағанда жылдам дамуда. Қазірдің өзінде мұнай мен мұнай өнімдерін сату көлеміне қарағанда мұнай химиясы өнімдерінің көлемі айтарлықтай артық. Мұнай сату көлемі 600-1000 млрд долл. (әлемдік мұнай өндіру көлемі 3 млрд т, мұнай бағасы – баррелі 30-50 долл.) бағаланса, мұнай химиясы өнімдері 650 млрд долл. бағаланады.

Болашақта да мұнай химиясы өнімдерінің әлемдік нарығы мұнай мен мұнай өнімдері нарығына қарағанда жылдамырақ дамиды. 2020 ж. дейін пластмасса өндірудің жылдық қарқыны 5% деңгейінде күтілуде, полиэфирлік талшықтар – 6%, т.с.с. Ал мұнайға деген сұраныс Энергетикалық ақпараттық агенттіктің (АҚШ) болжамы бойынша жылына 1,7% құрайды, оның ішінде дамыған елдерде жылына 1% шамасында.

Мұнай химиясы өндірісі мен шикізаттарды терең өңдеу құрылымдарын салу барлық өнеркәсіп салаларының дамуына мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстар министрлігі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен бірігіп отырып, Атырауда бірінші мұнай химиясы кешенін салуды бастады. Бұл жоба бойынша қосылған құны жоғары базалық өнім ретінде жылына 800 000 т этилен және

400 000 т пропилен өндіріледі, ал ол ҚР мұнай химиясы өнеркәсібін қарқынды дамытуға жол ашады. Бұл инвестициялық жобаларды табысты іске асыру үшін Атырау облысында мемлекеттік және жеке меншік ынтымақтастығы негізінде инвестициялық өріске, кіші және орта бизнеске барлық жағдайды қамтамасыз ететін арнаулы экономикалық аймақ (АЭА) ҚР Президенті жарлығымен құрылды [4].

Қазақстан нарығының даму болашағы қолданыстағы нарықтың кеңеюі немесе олардың жаңа бағыттарының пайда болуына байланысты емес. Егер Қазақстан 2020 ж. қарай пластмассаны қолдану деңгейі бойынша әлемдегі орташа көрсеткішке жететін болса, онда республикада пластмасса нарығы бойынша жылына 170 мың т полиэтилен, 85 мың т полипропилен, 84 мың т полистирол қажет болады. «Пластикалық массалар зауыты» ЖШС, «Полипропилен зауыты» ЖШС-нің қуаттылығы бойынша, егер шикізатпен қамтамасыз ету проблемалары шешілсе, бұл көрсеткіштерге жету әбден мүмкін.

Бұл жағдайда аталған кәсіпорындар ресейлік өндірушілер құрамында аймақтық нарық қатысушылары екенін ескеру қажет, сондықтан алдағы бірнеше жылдар бойында өнімді аймақтық және әлемдік нарыққа өткізу проблемалары туындамайды [5].

Қазіргі жағдайда жұмыс жасап тұрған өндірістерді кеңейтумен қатар жаңа өндірістерді салу шараларын өткізу қажет:

– «Полипропилен зауыты» ЖШС базасында пропанды дегидрлеу тәсілімен пропилен алатын қуаттылығы жылына 150 мың

тонналық кондырғысын салу, ол қажетті мөлшерде полипропилен, акрилонитрил, этиленпропилендік каучуктер алуға мүмкіндік береді. Пропанды дегидрлеу кондырғысының құны 170 млн АҚШ долл. тұрады;

– қуаттылығы жылына 200 мың тонналық полиэтилен өндіретін жаңа өндіріс құру. Бұл Атырау қаласында 2003 ж. пайдалануға берілген, бірінші кезеңде Еуропа және Ресей шикізатын қолдануға бағытталған, жоғары тығыздықтағы полиэтиленнен тұрбалар өндіру зауытын, отандық шикізаттан алынған жергілікті полимерлермен қамтамасыз етеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасында шикізат ресурстарының отандық базасында қолданыстағы «Пластикалық масса зауыты», «Полипропилен зауыты» ЖШС мұнай химиясы кәсіпорындары арқылы, негізгі компоненттері болып полистиролдық пластиктер, түрлі маркалы полиэтилен, полипропилен табылатын, кең көлемді мұнай химиясы өнімдерін тұрақты өндіру және өткізу қамтамасыз етіледі, өндірілетін өнімнің үлкен бөлігі экспортқа жіберілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында синтетикалық каучук, резеңке-техникалық бұйымдар мен шина өнімдерін шығару өндірістерінің даму болашағын қарастырайық. «Саранрезеңкетехника» ААҚ, «Қарағандырезеңкетехника» ЖШС және «ИнтерКомШина» ААҚ мұнай химиясы кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету үшін Қазақстанда синтетикалық каучук өндіруді қайта жандандыру қажет. Аталған кәсіпорындардың өндірістік қуатын қосу үшін шикізат қажеттілігі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Қазақстанның мұнай химиясы кәсіпорындарының синтетикалық каучукке жылдық қажеттілігі

Кәсіпорын атауы	Жылдық қажеттілік, тонна	
	Жұмыс жасап тұрғандағы қуаттылық	Өндірістік қуаттылығы
1	2	3
«Қарағандырезеңкетехника» ЖШС	1907	6535

1	2	3
«Саранрезекетехника» ААҚ	2160	8640
«ИнтерКомШина» ААҚ	11311	24000
Барлығы:	15378	39175

Республикада жоғарыда аталған зауыттарды 70% өзіндік шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бұрынғы Шымкент шина зауыты («ИнтерКомШина» ААҚ) құрамында регенератты және синтетикалық каучук зауытын салу жобасы құрылуда.

Синтетикалық каучук өндірісінде негізгі компоненттерге бутадиен, стирол, этилен, пропилен, изопрен жатады. Аталған қосылыстар ішінен Қазақстанда «Пластикалық масса зауыты» ЖШС-те (Ақтау қ.) тек қана стирол өндіріледі. Бутадиен, этилен, пропилен, изопрен өндірісте көмірсутек шикізатын өңдеу тізбесінің соңғы өнімдері болып табылады. Сондықтан қолданыстағы мұнай және газ өңдеу зауыттарында мұнай мен газды терең және кешенді өңдеу технологиясы мен қондырғыларын ендіре отырып қайта жаңарту жүргізу керек.

Синтетикалық каучукті өндіру арқылы шиналық өнімдерді, резеңке-техникалық бұйымдарды шығаруды дамыту үшін Қазақстанда жеткілікті өндірістік-техникалық потенциал мен базалық шикізат бар. Сондықтан қолданыстағы мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ), газ өңдеу зауыттарында (ГӨЗ) немесе көмірсутек шикізаттарын өңдеу бойынша жаңа өндірістер салғанда синтетикалық каучук шығаратын өндірістер мен технологиялар құру қажет. Олар технологиялық тізбектер бойынша шиналық өнімдер мен резеңке-техникалық бұйымдарды өндіруге және синтетикалық каучукті басқа елдерге экспортқа шығаруға жағдай туғызады.

Шиналық және резеңке-техникалық өнімдерді экспортқа шығару ерекшеліктері:

– экспорттың айтарлықтай көлемі (өндірілетін шинаның 12-15%) жаңа автомобильдерді жинақтау үшін автомобиль зауыттарына жіберіледі (30% – жеңіл және 22% –

жүк шиналары). Өткізудің негізгі және ең дамушы облысы – қолданыстағы машиналар паркі үшін сату (барлық өндірілген өнімнің 60-70%);

– резеңке-техникалық бұйымдардың ең ірі тұтынушыларына автомобильдік, ауылшаруашылық машина жасау салалары жатады. Сондықтан, экспорттың ең үлкен көлемі – автомобиль және ауыл-шаруашылығы техникасын шығаратын өндірістерге сату (барлық өндірілген өнімнің 70-80%).

Мұнай химиясы кәсіпорындарының жұмысын қалпына келтіру және жаңа өндірістік қуаттарды іске қосу тек оларды модернизациялау, технологиялық жаңарту, салу техникалық-экономикалық негіздеулері (ТЭН) мемлекеттік экологиялық экспертизадан өткізгеннен кейін орындалады.

Тауарлық мұнай химиясы өнімдерін өндіру көлемдері мен экспортқа шығару көлемдерінің болжаулы көрсеткіштері 2-кестеде келтірілген.

Атырау облысының 2015 ж. дейін территориялық даму Стратегиясында «Атырау облысындағы ұлттық индустриялы мұнай химиялық технопаркi» арнаулы экономикалық аймағын (АЭА) қалыптастыру міндеттері мен оларды жүзеге асыру іс-қимыл стратегиясы анықталған [6].

Негізгі міндеттер ретінде өндірістік инфрақұрылым дамыту, қосылған құны жоғары мұнай химиясы өнімдерінің өндірісін ұйымдастыру үшін инвестиция тарту, халықтың жұмыспен қамтылуын көтеру анықталған. Оларды жүзеге асыру іс-қимыл стратегиясы:

– арнаулы экономикалық аймағының жеңілдіктер тәртібі аясында тұрғын үй құрылыстары үшін инженерлік коммуникация мен өндірістік инфрақұрылым объектілері

тұрғызылады. АЭА құрудың жұмысын үйлестіру мақсатында «Атырау облысының ұлттық мұнай химиясы технопаркі» ғылыми-техникалық кешені жанынан Атырау қаласы, Мақат, Жылыой аудандарының аумағында АЭА аймақтылық түрдегі объектілердің орналасуын ұйымдастыратын үйлестіруші топ құрылады;

– бәсекеге қабілетті экспортқа шығару-

ға бағытталған мұнай химиясы өндірісін құру маңызды мұнай химиясы өнімінің ішкі нарық сұранысын қанағаттандыру мақсатында өндірістік-техникалық өнімнің ауқымды номенклатурасын шығаратын кіші кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдеседі, импортталатын шикізатты отандық өнімге алмастыру есебінен олардың өнімнің бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

2-кесте. Тауарлық мұнай химиясы өнімдерін өндіру көлемдері мен экспортқа шығару көлемдерінің болжаулы көрсеткіштері, жылына мың тонна

Өнім атауы	2010	2015	2020
Стирол, полистирол			
Өндіру көлемі	300	350	450
Экспорт (өндіру көлемінің 60-80%)	200	250	300
Соққыға төзімді	100	150	150
Көбіктенуші	150	150	200
Жалпы қолданыстығы	50	50	100
Полиэтилен			
Өндіру көлемі,	300	380	450
оның ішінде экспорт	210	250	300
Полипропилен			
Өндіру көлемі,	100	150	200
оның ішінде экспорт	70	100	130
Синтетикалық каучук			
Өндіру көлемі,	40	60	80
оның ішінде экспорт			
Шина өндірісі			
Өндіру көлемі (млн дана), оның ішінде экспорт (12-15%)	2,5	3,0	3,5
Автотегершіктер	3,5	5,0	5,5
Автокамералар	6,8	7,6	8,6

Қорытынды. Сонымен жұмыста Қазақстан Республикасында мұнай химиясы өндірісін қалыптастыру және дамыту мәселелерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Пластмассаны қолдану деңгейі бойынша әлемдегі орташа көрсеткішке жету үшін республикаға пластмасса нарығы бойынша жылына қажетті базалық мұнай химиясы өнімдерінің түрлері мен көлемдері анықталған. Қолданыстағы мұнай химиясы бағытындағы өндірістер толықтай шикізатпен

қамтамасыз етілсе, қажетті көрсеткіштерге жету әбден мүмкін екендігі тұжырымдалған. Қазіргі жағдайда жұмыс жасап тұрған өндірістерді кеңейтумен қатар, жаңа нақты өндірістерді салу шаралары тұжырымдалған. Қазақстан Республикасында синтетикалық каучук, резеңке-техникалық бұйымдар мен шина өнімдерін шығару өндірістерінің даму болашағы талданған. Қазақстанда синтетикалық каучукті өндіру арқылы шиналық өнімдерді және резеңке-техникалық

бұйымдарды шығаруды дамытуға қажетті өндірістік-техникалық потенциал мен базалық шикізат жеткілікті екені тұжырымалған. Тауарлық мұнай химиясы өнімдерін өндіру көлемдері мен экспортқа шығару көлемдерінің болжаулы көрсеткіштері анықталған. Атырау облысының 2015 ж. дейін

Территориялық даму стратегиясы шеңберінде «Атырау облысындағы ұлттық индустриялы мұнай химиялық технопаркі» арнаулы эконмикалық аймағын қалыптастыру міндеттері мен оларды жүзеге асыру іс-қимыл стратегиясы анықталған.

Әдебиеттер

1. <http://www.chemindustry.ru>
2. Сармурзина Р.Г., Оразбаева К.Н. Қазақстанда мұнай химиясы өндірісін қалыптастыру және дамыту мәселелері // Оңтүстік Қазақстан ғылымы мен білімі. Республикалық ғылыми журнал. – 2009. – №6(79).
3. Оразбаева К.Н., Сериков Т.П., Акчулаков Б.У. Исследование технологии получения стирола и полистирола, методы их интенсификации // Материалы МНПК «Индустриально-инновационное развитие нефтегазового комплекса РК». – Атырау, 2010. – С.18-25.
4. Сармурзина Р.Г. Материалы выставки «Chemie 2008» и «Plastex Central Asia 2008». –Астана, 2008. – С. 3-7.
5. www.gazeta.kz
6. Бопиева Ж.К., Оразбаев Б.Б., Сериков Т.П., Оразбаева К.Н., Джетписова А.Б. и др. Стратегия территориального развития Атырауской области до 2015 года. –Астана-Атырау, 2007. –105 с.

Резюме

Проанализированы основные факторы, влияющие на размещение нефтехимических производств. Обоснованы мероприятия по расширению действующих производств и строительства новых конкретных производства нефтехимии. Проведен анализ перспективы производства синтетического каучука, резинотехнических изделий и шинной продукции в Казахстане. В рамках Стратегии территориального развития Атырауской области определены задачи формирования специальной экономической зоны и стратегии их реализации.

Summary

In clause the questions of formation and development of petrochemical manufacture in Kazakhstan are investigated. The measures on expansion of working manufactures and construction of new concrete manufacture of petrochemistry are proved. The analysis of prospect of manufacture of synthetic rubber, of products and of production in Kazakhstan is carried out(spent). Are determined parameters of volume of manufacture and export and export of commodity production of petro chemistry. Within the framework of Strategy of territorial development Atyrau of area the tasks of formation of a special economic zone «Industrial petrochemical techno park in Atyrau of area» and strategy of their realization are determined.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ МӘНІ

Мақалада мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұғымының анықтамасын нақтылау қажеттілігінің ғылыми-тәжірибелік сипаттағы өзектілігі көрсетіледі. «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» терминін анықтаудың түрлі концептуалдық бағыттарына талдау жасай отырып, олардың теориялық және тәжірибелік тұрғыдағы олқылықтары анықталады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің «әмбебап» анықтамасы оның негізгі мәнін толық ашып көрсете алмайтындығы тұжырымдалады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің тұрақты және вариативті белгілері жіктеледі. Осы жіктеудің негізінде «мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» терминіне теориялық-әдіснамалық, ғылыми-тәжірибелік және қоғамдық-саяси тұрғыдан анықтама беріледі.

Негізгі ұғымдар: мемлекеттік сектор, жеке меншік сектор, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстанның жаңа саяси бағыттарының бірі «ұлттық экономикамыздың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау» екендігін айта отырып, «мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі принципін негізделген сенімді диалог құру үшін бизнесті топтастыруды жалғастыру керек, ол бұл жаңа стратегияны іске асыруда кең ауқымды және барлық кәсіпкерлердің тартылуы міндетін шешіп береді» деп көрсеткен болатын [1].

Әр түрлі мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, ұзақ мерзімді стратегияларды тиісті деңгейде жүзеге асыру кезінде де мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (МЖӘ) үлгісін қолдану айтарлықтай жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Жалпы мағынасында, «МЖӘ» ұғымы әдетте мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізу жолындағы келісімшарттық сипаттағы институционалданған ұзақ мерзімдік қатынастар жүйесіне жатқызылады. Мұндай мақсаттарға мысал ретінде

инфрақұрылымдарды модернизациялауды немесе қызмет көрсету сапасын жақсартуды алуға болады. Алайда іс жүзінде «әріптестіктің» бір-бірінен мақсаттық бағдары, қызметі, ауқымы, схемасы, шарттары, қатысушылары және басқа да белгілерімен өзгешеленетін өте кең аясы орын алады. Сонымен қатар МЖӘ мәнін ашудағы «теориялық» және «эмпирикалық» ұстанымдар арасындағы айқын өзгешеліктер байқалады. Бұл өзгешеліктер жеке зерттеушілердің, халықаралық ұйымдардың, ұлттық заңнамалардың түрліше тұжырымдарынан көрініс табады.

Мұның барлығы жалпыға ортақ қабылданған МЖӘ ұғымының азды-көпті анықталған нақты мәндік тұжырымы әлі де болса бір ізге түсе қойылмағандығын көрсетеді. Сондықтан да, бұл мәселе қазіргі күнде ғылыми-тәжірибелік сипаттағы өзекті міндет болып табылады.

МЖӘ-нің болмысы туралы шетелдік және отандық әдебиеттердегі зерттеулердің (1-кесте) сараптамасына көз жүгіртер болсақ, келесідей нәтижені байқаймыз. Бұл ұғымды мәндік белгілеріне байланысты экономист ғалымдар мен ұйымдардың интерпретациялауы үш топқа бөлінеді: біріншіден,

теориялық (әдіснамалық), яғни «кең» екіншіден, *эмпирикалық* (әдістемелік, ұйымдастырушылық) немесе «тар» және де үшіншіден, *комбинацияланған* (аралас). Бірінші топтың анықтамалары – МЖӘ қарым-қатынастарының ішкі болмысын, екінші топта – МЖӘ-нің құрамдас бөліктерін (кезеңдері, элементтері, тетіктері, т.б.), ал үшінші топта – зерттелетін құбылыстың ішкі және сыртқы сипаттарын біріктіруге талпыныс жасалынып, кейде пәнаралық (әлеуметтану, саясаттану сияқты қоғамдық пәндердің) әдістерге де жүгінеді.

Осылайша, МЖӘ табиғатын танып білуге жасалған сараптама үш тұжырымдамалық бағыттың бар екендігін көрсетеді:

- эмпирикалық немесе ұйымдастырушылық;
- теориялық-әдіснамалық немесе стратегиялық, мақсаттық;
- қоғамдық-саяси, яғни «саясат» ретінде экономика саласындағы қоғамдық мүдделердің мемлекетті басқару органдарының іс-шаралар жүйесі түріндегі іске асырылуы қарастырылады (бұл жағдайда «саясат» сөзінің тар мағынасында).

1-кесте. Зерттеудің үш базалық бағыты контексіндегі «МЖӘ» ұғымына сипаттама*

Тәсіл	Дереккөзі	Сипаттама
1	2	3
«Тар» (эмпирикалық)	БҰҰ, ЕО, ЭЫДҰ	... мемлекеттік сектордағы нысандарды жоспарлауды, қаржыландыруды, жасауды және пайдалануды, қызмет көрсету түрлерін өндіру мен ұсынуды қамтамасыз ету мақсатындағы әріптестік [2] ... мемлекет органдары мен жеке меншік сектор арасындағы инфрақұрылым объектілерін қаржыландыруды, салуды, реконструкциялауды, пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді және/немесе оларды басқаруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамдық қызметтерді ұсынуға бағытталған ынтымақтастық формасы [3] ... жеке меншік сектор жобалауды, құрылыс салуды, қаржыландыруды, активтерді пайдалану мен басқаруды және сондай-ақ халыққа қызмет көрсетуді тікелей түрде немесе мемлекеттік әріптес арқылы іске асыратын ынтымақтастық [4]
	Дүниежүзілік банк (тар)	... көпшілік және жеке меншік сектор тараптары арасындағы инфрақұрылымдық қызмет көрсетулерді өндіру және ұсыну бойынша келісім. Бұл келісім қосымша инвестиция тарту мақсатында және де ең маңыздысы бюджеттік қаржыландырудың тиімділігін арттыру құралы ретінде жасалады [5. 7 б.]
	В. Варнавский	... іс-әрекеттің көптеген салаларында ұлттық, халықаралық, ауқымды және локалды, бірақ әрқашан қоғамдық маңызды жобаларды іске сыру мақсатындағы мемлекет пен бизнес арасындағы институционалдық және ұйымдастырушылық альянс... әрбір мұндай альянс уақытша болып табылады... нақты жобаның белгілі бір мерзімде іске асуы үшін құрылып, ол іске асқан соң, өзінің өмір сүруін тоқтатады [6. 49 б.]
Кең (теория-әдіснамалық)	Дүниежүзілік банк, ХҚК (кең)	... әріптестердің әрқайсысы ұсынылған ресурстарға және шешім қабылдау процесіне қатыса алатын мемлекеттік, жеке меншік секторлардың, басқа мемлекеттердің, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың бірлескен бастамалары [7]
	Ұлыбритания (Қазынашылық)	... стратегияны іске асырудағы, қызмет түрлерін ұсынудағы және инфрақұрылымды жасаудағы мемлекеттік-жеке меншік ынтымақтастықтың және өзара әрекеттестіктің барлық түрлерін, сондай-ақ тәуекелдерді бөлуді қамти алатын... мемлекет пен жеке меншік секторлардың бірлескен іс-әрекеттерімен сипатталатын кесте... [8]

1	2	3
Кең (теория-әдіснамалық)	Қазақстан (Қазақстандық МЖӘ орталығы)	... мемлекет пен жеке меншік сектордың қатысушылар арасындағы тәуекелдерді, жауапкершілікті және пайданы адекватты түрде бөле отырып, сондай-ақ мемлекет тарапынан бақылауды сақтай отырып, дәстүрлі түрде мемлекет қарауына жататын қызмет түрлерін көрсетудегі жауапкершілікті жеке меншік сектор субъектілеріне толықтай немесе жартылай беруді қарастыратын өзара әрекеттестігі [9]
	А. Баженов	... шығынға өтемақы төлеу, тәуекелдерді, міндеттемелерді, құзыретті бөлісе отырып, ашық секторға қатысты міндеттердің өте тиімді және сапалы орындалуы үшін жеке меншік секторды тарту [10]
	М. Вилисов	... мемлекеттік басқару мақсатына қол жеткізуге бағытталған экономикалық жобаларды іске асырудағы билік пен бизнес мүддесінің үндесуі және тең құқықтылығын қамтамасыз етудің механизмі [11]
	М. Дерябина	... мемлекеттің әріптестердің бірі ретінде қоғамдық маңызды мүдделердің өкілі ролінде танылатын... ал жеке меншік әріптес... жоғары табыс табуды көздейтін... әріптестердің мүдделері мен сәйкес өкілеттіліктерінің ерекше үйлесуі... [12]
	К. Феоктистов	... билік пен бизнестің өзара әрекеттестігінің әлеуметтік-экономикалық дамудың ауқымды және жергілікті маңыздағы мәселелерін шешуге бағытталған кең спектрі [13.18 б.]
	В. Фильченков	... қоғамдық мүддені қанағаттандыру үшін мемлекеттің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және кәсіпкерлік құрылымдардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған ресми және бейресми ережелерінің жиынтығы. Мұның шеңберінде тараптардың әлеуметтік және экономикалық мүдделері тең құқықты түрде ескеріледі [14. 20 б.]
Аралас (тәңаралық)	А. Бейсембинова	... мемлекет пен бизнестің өзара тиімді жағдайдағы қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешу үшін орта және қысқа мерзімдік өзара әрекеттестігі формаларының жиынтығы [15. 30 б.]
	А. Спиридонов	... кең мағынасында – билік пен бизнестің тек экономикада ғана емес, сонымен бірге саясат, мәдениет, ғылымдағы кез келген ресми конструктивті өзара әрекеттестігі. Ал тар мағынасында – билік пен бизнестің жалпы мемлекеттік мәні бар әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру процесіндегі өзара әрекеттестігі [16]
	В. Цветков	... екі тараптың да мүдделеріне сай келетін әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешіп, мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекет пен жеке меншік компаниялардың арасындағы өзара әрекеттестіктің тәсілі ... мұнда мемлекет – келісімшарт тарабы, инвестор, инвестициялық жобаның сәтті іске асуының және жеке меншік компанияның пайда табуының кепілі болып табылады [17]
	М. Джеррард	... жеке меншік сектордың инвестицияларын пайдалану мен басқару әдістерін қолдануды көздейтін бірлескен жобалар. Мұнда бизнес – итіліктер мен қызмет көрсетулерді өндіруді, ал мемлекет бақылауды, сандық және сапалық стандарттарды қамтамасыз етеді... бұл саяси жағынан алып қарағанда жекешелендіруге балама болып табылады [18]

*Дереккөздер негізінде автормен жасалған

Түрлі бағыттар аясындағы «МЖӘ» ұғымын түйіндеудің көпвекторлығының орын алуы зерттеушілердің алдына бірнеше концептуалды мәселелерді қояды. МЖӘ анықтамаларындағы түрліше оқылым МЖӘ-нің шартты сипаттағы ортақ белгілерінің бар екендігін жоққа шығармайды.

Мұндай ортақ белгілерге мемлекет пен бизнестің әріптес ретіндегі қатысуын, сонымен қоса қарым-қатынас еріктілігін, тараптардың өзара міндеттеме алуларын, бірлескен іс-әрекет жүргізуді, меншік құқығын, қол қойылған келісімшарттардың (контрактілердің) болуын, ресурстарды, тәуекелдерді

және пайданы бөлісуді, ұзақ мерзімдік сипатын және жобалық формасын (қаржыландыру, басқару) жатқызамыз.

МЖӘ-нің шартты белгілерінен болмыстық белгілеріне көшетін болсақ, ондағы атап өтетініміз, олардың бірінші тобы – тұрақты белгілер (1, 2-кестелер):

- активтерге меншік құқығы;
- экономиканың түрлі секторы (мемлекеттік, жеке, қаржылық, табыссыз сектор, халықаралық ұйымдар) ұйымдарының тең құқықты ынтымақтастығы (әріптестігі);
- МЖӘ уақыттық қырынан алғанда іс жүзінде әрқашан ұзақ мерзімдік тұрақты бірлескен іс-әрекет сипатына ие;
- МЖӘ-нің институционалдануы (формализация, тұрпаттануы) ұзақ мерзімдік келісімдер (контрактілер) сипатын иеленеді;

– контракті формасындағы МЖӘ-нің іске асуының нәтижесі әрқашан нақты қоғамдық иігіліктер (активтер, тауарлар, қызмет көрсетулер) болып табылады.

Акционерлік компаниялар бақылаумен айналысты және қаржылық есеп шынайылығы пайда болған соң, меншік иелері кәсіпорын ұсынатын ақпаратқа сенімсіздік таныта бастады. Сондықтан қаржылық есеп шынайылығы растау үшін тәуелсіз аудиторлар шақырылатын болды (аудит – лат. «audio» сөзінен алынған, тікелей баламада «тыңдаушы» дегенді білдіреді). Аудиттің көмегімен кәсіпорынның экономикалық жағдайы анықталады.

Аудит тарихы өзінің заңды бастамасын Шотландиядан, дәлірек айтқанда, оның астанасы Эдинбургтан алады. Мұнда 1853 ж. ресми түрде Эдинбург аудиторлар институты бекітіледі. Алғашқы бухгалтер – аудитор Ұлыбританияда XIX ғ. ортасында пайда болған. 1862 ж. қабылданған британдық компаниялар жөніндегі заңға сәйкес жылына бір рет компаниялардың шоттары міндетті түрде бухгалтерлік есеп және қаржылық бақылау бойынша мамандармен тексерілуі тиіс болған. Жоғары білікті аудиторлармен жүзеге асырылатын тәуелсіз сыртқы

аудит қаржылық есептіліктің шынайылығы туралы қорытынды бергенімен, бухгалтерлік есеп ақпаратының қалыптасу процесіне терең араласа алмады. Ірі ұйымдық құрамдардың пайда болуы және қаржылық тәуекел дәрежесінің жоғарылауына байланысты ішкі аудитті жүзеге асыру қажеттілігі туындады. Ішкі бақылауды тағайындау қажеттігі 1929 ж. жарияланған «Қаржылық есепті тексеру» еңбегінде көтерілген. Ішкі аудит тәжірибесін дамыту бойынша едәуір белсенді жұмыстар экономикасы дамыған елдерде көбірек байқалады. Мысалы, АҚШ мұнда 1941 ж. Ішкі аудиторлар институты құрылған.

1948 ж. Американың бухгалтерлер институты «Аудиттің жалпы стандарттарын» бекітті, ал ішкі ревизорлар институты 1978 ж. «Ішкі ревизордың міндеттерін» жариялады және аудитор қызметкерлерін даярлау жүйесін қалыптастырды.

Аудиттің әрбір даму кезеңінде белгілі

бір мақсаттар орындалып отырды. Егер бастапқы кезде аудитке кәсіпорын жұмысының тиімділігін анықтау мақсаты қойылса, ауытқулар мен зияндарды анықтау, олардың алдын алумен айналысты. Сонымен қатар аудитті жүзеге асыру тәсілдері де жетілдірілді.

Ішкі аудит – трансұлттық компаниялардың шаруашылық қызметінің міндетті бөлімі. Оған жоғары сапалы тауарларды сатумен айналысқан АҚШ-тың «Истмэн Кодак» компаниясы мысал бола алады. Бұл кәсіпорында ішкі аудит 60-жылдан астам уақыт жүзеге асырылды. Бұл жұмыстың жауапкершілігі Рочестер қаласындағы Нью-Йорк штаты жалпы аудит бөліміне жүктелген.

АҚШ-тың барлық ірі университеттерінде бухгалтерлер мен аудиторлар даярлаудың елеулі бөлігін құрайтын «Аудит» курсы оқылады. Курстардың аталуы және олардың мазмұнымен 1-кестеде берілген мәліметтер арқылы танысуға болады.

1-кесте. АҚШ университеттеріндегі аудит бойынша пәндер және олардың қысқаша мазмұны

№	Университеттің атауы	Курс атауы	Пәннің мазмұны
1.	Хьюстон іскерлік әкімшілік мектебі	Аудит	Аудит стандарттары мен процедуралары, ішкі бақылау, есеп беру
2.	Коммерция және іскерлік әкімшілік колледжі	Аудит	Аудит мәні, процедуралары, техникасы және тәжірибесі; аудиторлардың кәсіби этикасы мен есеп беруі; тәжірибелік жағдайларды талдау
3.	Нью-Йорк іскерлік әкімшіліктің жоғарғы мектебі	Аудит	Аудиттің мәні мен маңызы, атқаратын қызметтері және әдістері
4.	Миссурия-Колумбиялық іскерлік және қоғамдық әкімшілік мектебі	Аудит Аудит теориясы мен тәжірибесі	Аудит принциптері, есептік жазбаларды талдау, іскерлік құжаттар мен есеп даярлау. Аудиттің жалпы стандарттары мен процедуралары
5.	Флорида іскерлік әкімшілік мектебі	Аудит және ішкі бақылау. Тереңдетілген аудит	Ішкі бақылау жүйелеріне қатысты аудит стандарттары мен процедуралары. Қазіргі қоғамдағы аудиторлардың ролі, маңызы, атқаратын қызметі

«Кәсібінің даңқы бойынша Францияда бухгалтер-аудиторлар сәулетшілермен қатар екінші және үшінші орынды иеленеді екен

(1-ші орында геодезистер)», – деп жазады С.А. Стуков [3]. Францияда бухгалтер-аудитор болу үшін жоғары білім, 3 жылдық жұ-

мыс тәжірибесі болуы шарт, содан соң талапкер бухгалтер-аудитор дипломын алу үшін емтихан тапсырады. Сондай-ақ талапкер 25-тен жас болмауы керек. Жасқа байланысты шектеулер көптеген дау туғызуда: АҚШ-та 21 жас болса, Чехияда 35 жастан кем болмауы керек. Қазақстан Республикасында мұндай шектеулер қойылмаған.

К.Н. Нарисбаевтың жұмысынан алынған [4] мәліметтері бойынша, ТМД елдеріндегі аудиттің өркендеуі «Инаудит», «Контакт», «Қазақстан аудит», «Ержанов и К» т.б. фирмалардың құрылуынан басталады. Аудиттің даму тарихын зерттеу оның қазіргі уақыттағы жағдайын анықтап, алдағы кездегі даму жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қытай мен Германиядағы аудиторлар даярлау жүйесі көңіл аударарлықтай. Елге аудиторлық тәжірибені енгізуге кәсіби аудиторлардың жетіспеушілігі кедергі болғандықтан, Қытай үкіметі нақты шараларды қолға алады. 29 жоғары оқу орнында, техникалық мектептерде, сондай-ақ бірнеше арнайы даярлық орталықтарында кәсіби аудиторларды даярлау жүзеге асырылады. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде аудиторлық әкімшілік 3000-ға шоғырланған 34000 адамнан тұратын аудиторлар штатын құрды. Бір ғана 1989 ж. аудиторлық қызметті

тексеру нәтижесінде 24 млрд юань құрылысты қаржыландыруға арналған «проблемалық ақшаны» анықтады, жалпы ұлттық табыстың 2% құрады. Қытай теледидарынан жүргізетін аудит курсы кәсіпорындар мен акционерлер қоғамы үшін ішкі аудиторларды даярлау және олардың қызметін насихаттауда өте тиімді болып табылады.

Германияда талапкерге аудиторлыққа емтихан тапсыруға рұқсатты жоғары федералды экономикалық ведомствода құрылатын қабылдау комиссиясы береді. Бұл комиссияның құрамына аймақтық үкімет өкілдері, өнеркәсіпшілер одағының өкілдері, сауда палатасының өкілдері және екі аудитор кіреді.

Қазақстанда аудиторлар палатасын даярлау үшін қабылдау комиссиясының құрамына экономикалық бөлім, қаржылық басқарма, салық комитеті, ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдері, жергілікті университеттің есеп және аудит бойынша беделді ғалымдары және сертификаты бар екі аудитор кіргені дұрыс.

Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет жөніндегі» Заңында ішкі аудит мәселелері арнайы қарастырылмаған, оны тәуелсіз аудиторлармен жүзеге асыратын қызмет ретінде қарастырады. Алайда онда ішкі аудитке қатысты бірқатар нұсқаулар бар [1].

2-кесте. Қазақстан Республикасының қаржылық-экономикалық бақылау жүйесі

№	Бақылау типтері	Бақылау субъектілері	Меншік формасы
1.	Президенттік	Есеп комитеті	Мемлекеттік
2.	Үкіметтік	Салық комитеті	Мемлекеттік
3.	Тәуелсіз аудит	Қаржылық бақылау комитеті	Жеке
4.	Ішкі аудит	Кәсіпорынның ішкі аудит қызметі	Мемлекеттік, жеке акционерлік

Қаржылық-экономикалық бақылаудың әрекеттегі жүйесін (2-кесте) талдай отырып, есептік комитеттің Мәжіліс қарамағына беру қажеттігін атап өту керек, себебі ол республика бюджетін бекітумен айна-

лысады, бірақ оның орындалуын бақылайтын нақты органы жоқ. Кәсіпорынның ішкі аудиті бақылаудың жеке түріне бөлінген, себебі заң талаптарына сәйкес тәуелсіз аудиторлық ұйым тек жеке меншік формасында

құрылуы тиіс, ал ішкі аудит ішкі формасына және құрылтайшыларға тәуелді болады.

Ішкі аудитор өзінің барлық нұсқаулары мен ұсыныстарының орындалуын талап ете алмайды, сондықтан олардың енгізілуі дәрежесіне және нәтижесіне жауапты болмайды. Сондай-ақ, ол өзі анықтаған ауытқуларды түзетуге қатыспауы тиіс. Ішкі аудит нәтижесіне ең алдымен кәсіпорынның жоғары басшылығы мүдделі болғандықтан, ішкі аудитордың бақылау үшін қажетті кез келген

ақпаратты алуға мүмкіндігі болуы керек.

Ішкі аудиттің тиімділігі сыртқы аудитпен салыстырғанда шығындарының төмендігінде (ішкі аудиторлық қызметінің құны 35-50%-ға арзан), ішкі аудиторлардың кәсіпорын жағдайын, жұмыс ырғағын және басқару жүйесін терең білуінде, аудиторлардың тексеруге құрылымдық бөлімдердің жоғары білікті мамандарын тарту мүмкіндігінде, заң талаптарын сақтау кепілдігінде болып отыр.

Әдебиеттер

1. ҚР «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы 05-05 2006 /Қосымшамалар мен өзгертулермен.
2. Лабынцев Н.Т., Ковалева О.В. Аудит: теория и практика: Учебн. пособие. – М.: Издательство «ПРИОР», 2000. – С. 208.
3. Бычков Б.М. Аудит для руководителей и бухгалтеров. – СПб.: Питер, 2003. – С. 384.
4. Стуков Б.А., Гольшев В.Д. Введение в аудит. – М.: Гарвер, 1992. – С. 128.
5. Нарибев К.Н. Организация бухгалтерского учета в США. – М.: Финансы, 1979.
6. Жақыпбеков С. Ішкі аудит. – Алматы, 2008. – 3, 30 бет.

Резюме

В статье рассматриваются теоретические проблемы, определяется место внутреннего аудита в управлении предприятием, а также дается определение принципам и видам внутреннего аудита.

Summary

These article concidess theoretical problems, placement of the entity's internal control audit, as well as a definition. Principles and types of internal audit analyzes, taking into account international experience and evidence based form is deviled into stages of their development.



УДК 336.131.012

*С.И. Ашкербекова, магистр, ст. преподаватель
КазУЭФМТ*

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УЧЕТА И ОТЧЕТНОСТИ ЛИЗИНГОВЫХ ОПЕРАЦИЙ В СООТВЕТСТВИИ С МСФО

Методика ведения бухгалтерского учета лизинговых операций во многом зависит от правильного понимания внутреннего содержания лизинга и его специфических особен-

ностей, их адекватного отражения в методических рекомендациях по документированию и учету. Именно понимание сущности лизинга в целом является ключевым моментом для формализованного описания, документирования и учета лизинговых операций.

Ключевые слова: финансовый лизинг, лизинговые операции, МСФО.

В настоящее время в области лизинговых отношений немало проводилось фундаментальных исследований, тем не менее, не снижается значение вопросов методики бухгалтерского учета у основных субъектов лизинговых отношений. Очень много дискуссий развернулось вокруг вопросов методики бухгалтерского учета у лизингодателя и лизингополучателя. Изменения законодательных норм в области лизинговых отношений коснулись в основном организационно-экономических аспектов разработки лизинговых соглашений. На всех стадиях исполнения лизинговых соглашений возникает множество вопросов относительно бухгалтерского учета, как у лизингодателя, так и у лизингополучателя. Развитие системы нормативно-правового регулирования бухучета лизинговых операций сопряжено с трудностями, обусловленными неясностями и противоречиями законодательства, что является причиной актуальности выбранной темы исследования. Теоретическое и методическое обоснование организации путей развития и основных направлений совершенствования учета лизинговых операций в соответствии с МСФО – основная цель данной статьи.

Методика ведения бухгалтерского учета лизинговых операций во многом зависит от правильного понимания внутреннего содержания лизинга и его специфических особенностей, их адекватного отражения в методических рекомендациях по документированию и учету. Именно понимание сущности лизинга в целом является ключевым моментом для формализованного описания, документирования и учета лизинговых операций.

На основе систематизации взглядов,

касающихся определения «лизинг», сформулировано следующее определение «лизинг – это целостная система экономических отношений, которая включает в себя арендные, инвестиционные, кредитные и торговые отношения, складывающиеся в связи с передачей активов в пользование одним участником отношений, лизингодателем, на условиях платности, срочности и возвратности на основе их приобретения у поставщика путем инвестирования собственных или привлеченных финансовых средств другому участнику отношений, лизингополучателю, с возможностью, если это предусмотрено соглашением сторон, выкупа лизингополучателем актива».

Для детального раскрытия сущности «лизинга» необходимо давать развернутую характеристику функций лизинга. Анализ литературы по вопросам функций лизинга показал, что в современной экономической науке не существует единого мнения относительно наименований функций лизинга и содержания функций лизинга.

Многообразие различных подходов к определению лизинга и функций лизинга, многосторонний характер лизинговых отношений при заключении договоров лизинга и многоступенчатые формы реализации лизинговых отношений делают необходимым классификацию лизинговых отношений по формам организации лизинга и технике проведения, характеристику каждой формы и выделение посредством классификации особенностей видов лизинговых операций, влияющих на организацию бухгалтерского учета.

Под воздействием различных внешних факторов, складывающихся в Казахстане, лизинговые отношения все более уходят от

классической формы трехсторонних лизинговых отношений и приобретают более многосторонний характер с многочисленными участниками и более сложной и многоступенчатой формой реализации лизинговых отношений. Прямыми участниками лизинговых отношений являются лизинго-

датель, лизингополучатель и поставщик. Косвенными участниками лизинговых отношений могут выступать банки, трастовые компании, финансирующие сделки, страховые организации, посреднические организации, брокерские фирмы и консалтинговые фирмы.

Таблица. Виды лизинговых операций, влияющих на организацию бухгалтерского учета

Классификационные признаки	Формы организации лизинга и техники проведения	Особенности бухгалтерского учета
1	2	3
Форма организации сделки	Прямой (возвратный), лизинг поставщику, косвенный, раздельный (леверидж), смешанный (сублизинг, трехсторонний, многосторонний)	Учет дополнит. капит. вложений, связан. с приобретением предмета лизинга, процентов по заемным средствам, привлеч. для приобрет. или сооружения предмета лизинга до и после принятия предмета лизинга, возможный отказ от выкупа, досрочн. выкуп предмета лизинга
Состав участников	Прямой, косвенный, раздельный	Учет дополнит. капитальных вложений, связан. с приобретением предмета лизинга, процентов по заемным средствам, привлеченным для приобретения или сооружения предмета лизинга до и после принятия предмета лизинга, возможный отказ от выкупа, досрочный выкуп предмета лизинга
Продолжительность сделки	Оперативный с периодом меньше норматив. срока использования предмета, возобновляемый револьверный, финансовый с нормативным сроком использования предмета (раздельный (леверидж), групповой (акционерный), с налоговым рычагом), комбинированный прямой (возвратный)	Определение срока полезного использования предмета лизинга, момента ввода в эксплуатацию, метода начисления амортизации, использование повышающих и понижающих коэффициентов, учет лизинговых платежей, задолженности по лизинговым платежам, операций по возврату и выкупу, замене предмета лизинга
Объем обслуживания	Чистый в пакете (с полным набором услуг), комплексный, с неполным набором услуг, генеральный	Учет дополнит. капит. вложений, связан. с приобретением предмета лизинга, неотделимых улучшений в предмет лизинга, затрат, возник. в ходе исполнения лизинговой сделки, деления их между субъектами лизинговых отношений, разграничение доходов от реализации лизинговых услуг и предмета лизинга, оценка предмета лизинга

1	2	3
Предмет лизинга	Лизинг недвижимости, лизинг движимого имущества по отраслям	Отсутствуют
Сфера рынка	Внутренний, внешний (международный) прямой экспортный, внешний (международный) транзитный, внешний (международный) прямой импортный, не прямой международный лизинг	Возможный отказ от выкупа, досрочный выкуп предмета лизинга, переход предмета лизинга в собственность лизингополучателя, определение момента ввода в эксплуатацию, учет дополнит. капитальных вложений, связан. с приобретением предмета лизинга, неотделимых улучшений в предмет лизинга, затрат, возникающих в ходе исполн. лизинговой сделки
Условия амортизации	С неполной амортизацией, с полной амортизацией, с ускоренной амортизацией	Определение срока полезного использования предмета лизинга, учет операций по возврату и выкупу предмета лизинга
Отношения к налоговым и амортизационным льготам	Фиктивный, действительный	Определение срока полезного использования предмета лизинга, момента ввода в эксплуатацию, метода начисления амортизации, использование повышающих и понижающих коэффициентов
Тип лизинговых платежей	Денежный, компенсационный, комбинированный	Возможная корректировка лизинговых платежей соразмерно темпам инфляции, выкуп предмета лизинга, разграничение доходов от реализации лизинговых услуг и предмета лизинга
Размер лизинговых сделок	Мелкий, стандартный (средний), крупный	Отсутствуют
Степень окупаемости	С полной окупаемостью, с неполной окупаемостью	Согласованность учета операций выкупа предмета лизинга у субъектов лизинговых отношений, операций по возврату и выкупу предмета лизинга, определения срока полезного использования предмета лизинга, выкупной цены предмета лизинга
Состав учитываемых элементов платежа	Амортизация, дополнительные услуги, лизинговая маржа, страхование	Учет задолженности по лизинговым платежам, порядок разграничения доходов от реализации лизинговых услуг и предмета лизинга, затрат, возникающих в ходе исполнения лизинговой сделки, деления их между субъектами лизинговых отношений, процентов по заемным средствам, привлеченным для приобретения или сооружения предмета лизинга

1	2	3
Уровень риска лизингодателя	Гарантированный, необеспеченный, частично обеспеченный	Учет полученных и выданных гарантий в обеспечение выполнения обязательств, учет операций по страхованию, залогу
Метод начисления лизингового платежа	С фиксирован.общей суммой, с авансом (депозитом), с учетом выкупа имущества по остаточной стоимости, с учетом периодичности внесения (ежегодные, полугодовые, ежеквартальные, ежемесячные), с учетом срочности внесения (в начале, середине или в конце периода платежа), с учетом способа уплаты (равномерными равными долями, с увеличивающимися и уменьшающимися размерами в зависимости от финансов. состояния лизингополучателя и условий договора	Учет лизинговых платежей, задолженности по лизинговым платежам, определение выкупной цены предмета лизинга, досрочный выкуп предмета лизинга
Количество привлеченных заемщиков	Простой, раздельный (сложный)	Учет процентов по заемным средствам, привлеченным для приобретения или сооружения предмета лизинга до и после принятия предмета лизинга
Срок договора	Долгосрочный, краткосрочный	Учет задолженности по лизинговым платежам
Метод финансирования	Срочный, возобновляемый	Определение срока полезного использования предмета лизинга, метода начисления амортизации, учет лизинговых платежей, задолженности по лизинговым платежам, операций по возврату и выкупу, замене предмета лизинга
Экономическая среда	Внутрикорпоративный, независимый	Оценка предмета лизинга, учет лизинговых платежей
Степень новизны имущества	Лизинг нового имущества, лизинг поддержанного имущества	Определение срока полезного использования предмета лизинга, метода начисления амортизации, использование повышающих и понижающих коэффициентов
Отношение к формированию уровня конкурентоспособности продукции	Инновационный, поддерживающий	Отсутствуют

Многообразие существующих видов лизинга позволяет лизингодателю и лизингополучателю выработать наиболее оптимальную схему ведения бухгалтерских записей по лизинговым операциям в рамках

конкретной сделки. Посредством выбора и применения определенного вида лизинговых отношений возможно регулирование:
– формирования первоначальной стоимости предмета лизинга;

- | | |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none">– учета операций по передаче, возврату и выкупу предмета лизинга;– учета лизинговых платежей;– определения полезного срока использования предмета лизинга и момента ввода в эксплуатацию;– определения метода амортизации предмета лизинга;– определения выкупной цены предмета лизинга;– учета дебиторской и кредиторской за- | <ul style="list-style-type: none">долженности субъектов лизинговых отношений;– учета неотделимых улучшений в предмет лизинга;– учета затрат, возникающих в ходе исполнения лизинговой сделки, деление их между лизингодателем и лизингополучателем;– разграничения доходов от реализации лизинговых услуг и предмета лизинга. |
|---|--|

Литература

1. Шпиттлер Х.К. Практический лизинг. – М., 1991.
2. Агафонов М.Н. Аренда, лизинг, безвозмездное пользование. Правовые основы. Бухгалтерский учет. Налогообложение. Практические рекомендации. – М.: Юстицинформ, 2006.
3. Антоненко И.В. Практическое пособие лизингополучателя. Право, налоги, бухучет, финансы лизинговой сделки. – М.: Бератор Пресс, 2007.
4. Философова Т.Г. Лизинговый бизнес. – М.: Юнита-Дана, 2010.
5. Гражданский кодекс Республики Казахстан. Основная часть.
6. Зубарева Л.В. Лизинг как метод инвестирования: Учебн. пособие для студентов. – М.: Финансы и инвестиции, 2006. – 457 с.
7. Международные стандарты финансовой отчетности МСФО (IAS) 17 «Аренда».

Түйін

ХҚЕС сәйкес лизингтік операцияларды есепке алуға және есептілігін жетілдірудің негізгі бағыттарына қазіргі уақытта лизингтік қатынастар саласында біршама іргелі зерттеу жүргізілді, алайда лизингтік қатынастар саласындағы негізгі субъектілердің бухгалтерлік есеп әдістемесі бойынша сұрақтары азайған жоқ. Лизинг беруші мен лизинг алушыда бухгалтерлік есеп әдістемесі мәселелері төңірегінде пікірталастар көп.

Summary

There have been a lot of basic research about the leasing relations field, however, does not decrease the value of issues of accounting methods in the basic subjects of leasing relations. Much discussion revolved around questions of accounting methodology in the lessor and lessee.



ӘОЖ 378.2:364(574)

А.Б. Валиева, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2016. – №4.

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білім беру технологияларын оқыту жүйесіне енгізудің басты нәтижесі – тұлғаның қойылған нәтижеге жетуі үшін білім, білік, дағдылар қалыптасқан негізгі құзыреттіліктер, әлеуметтік дағдылар негізінде ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыру дайындығынан көрінетін құзырлылық болып табылады. Осыған орай, білім беру технологияларының құзыреттілікке бағытталуын жүзеге асырудағы негізгі бағыттарды көрсетуге болады.

Негіздір ұғымдар: құзыреттілік, дамыту технологиясы, модульдік оқыту.

Қазіргі білім беру технологияларын оқыту жүйесіне енгізудің басты нәтижесі – тұлғаның қойылған нәтижеге жету үшін білім, білік, дағдылар қалыптасқан негізгі құзыреттіліктер, әлеуметтік дағдылар негізінде ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыру дайындығынан көрінетін құзырлылық болып табылады. Осыған орай, білім беру технологияларының құзыреттілікке бағытталуын жүзеге асырудағы негізгі бағыттарды көрсетуге болады, олар:

- оқыту әдістемесіндегі өзгерістер;
- мұғалім мен оқушының әрекетіндегі өзгерістер;
- мұғалімнің көзқарсының өзгеруі;
- оқушылар талаптарының өзгеруі;
- оқу әрекетінде ұйымдастырушылық формалардың өзгеруі;
- құзыреттіліктерді бағалау жүйесі.

Құзыреттілікке бағытталған білім беру келесі технологиялар арқылы жүзеге асырылады:

- ✓ модульдік оқыту технологиясы;
- ✓ «оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясы;
- ✓ сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;

- ✓ оқыту үрдісін жобалау технологиясы;
- ✓ проблемалық оқыту технологиясы;
- ✓ дамыта оқыту технологиясы;
- ✓ қашықтықтан оқыту технологиясы;
- ✓ кредиттік оқыту технологиясы.

Кредиттік оқыту технологиясы Қазақстанның жоғары білім жүйесіне ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық мойындау, студенттер мен оқытушы-профессорлық құрамның ұтқырлығын қамтамасыз ету мақсатында енгізілді [1].

Кредиттік технологияның негізгі ерекше белгілері:

- білім алушылар үшін оқу жоспары пәндерін таңдау кеңдігі;
- әр студенттің өз жеке оқу жоспарын қалыптастыру ісіне қатысуы;
- сынақ бірліктері - кредиттер жүйесін жүргізу;
- оқу үрдісінің баспа және электронды түрдегі қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі;
- студенттердің оқу пәндерін меңгеруін бағалауда балдық-рейтингтік жүйенің міндетті түрде қолданылуы.

Кредиттік оқыту жүйесінің артықшылықтары:

• Қазақстан жоғары оқу орындарының жоғары білім туралы дипломдарын әлемдік университеттік қоғамдастықтың мойындауы.

• Білім сапасының халықаралық стандарттарға сәйкестігі, сол арқылы қазақстандық жоғары мектептің халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу үрдісін қамтамасыз ету.

• Академиялық еркіндік және оқу бағдарламаларының көпнұсқалылығы, пәндер мен оқытушыларды таңдау мүмкіндігі.

• Оқу үрдісі мен жеке білім алу жолын және мамандандыруды таңдауды ұтқыр жоспарлау мүмкіндігі.

• Студенттерге академиялық ұтқырлықтарды қамтамасыз етумен шектелмей, сонымен қатар жаңа жағдайларға бейімдейтін икемдерді қалыптастыруға, алған білімді іс жүзінде пайдалана білуге көмек көрсету.

• Оқу үрдісін барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қағаз жүзінде және электронды түрде қамтамасыз ету.

• Оқытудағы мәжбүрлеу әдісінен студенттің өзін білім алуға белсенділендіруге көшу. Мұнда студенттің өздік жұмысына баса назар аударылады, ол бітірушілерді «өмір бойы» оқуға дағдыландыруы керек.

• Студенттердің аудиторлық, сонымен қатар өздік жұмыстарының тиімді арақатынастарын белгілеу.

Республикамыздың бірқатар жоғары оқу орындарында жұмыс істеп келе жатқан әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімдерін даярлау жүйесі қазіргі таңда ғылыми жаңа бағыт болып табылады [1].

Сондықтан бұл екі мамандықтың, яғни әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің қажеттілік ролі мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесіне сай анықталған тәжірибелерге, бүгінгі қоғамдық әлеуметтік мәні бар өзекті мәселелерді қамтитын мына төмендегі аса маңызды екі факторға сүйеніп айтар болсақ, біріншісі: қарасыз қалған балаларды көзден таса қылмауға

әркез мән беріліп келді. Алайда әр түрлі себептермен ата-анасынан айырылған немесе панасыз қалған балалар, мүмкіндігі шектеулі мүгедектер, т.с.с жасөспірімдер мәселесін еліміз әсіресе Тәуелсіздік алған жылдардан бастап мықтап қолға алды. Осы мақсатта Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Балалар үйінің жарғысы», «Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде әлеуметтік көмектің мөлшері мен көздері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, «Бөбек» республикалық қоры, Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы», Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы», ҚР «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдары жарық көріп, түрлі бағдарламалар, т.б. әлеуметтік маңызы бар шаралар жүзеге асып жатыр. Бұл қабылданған заңдардың тиімді жүзеге асырылуы нәтижесінде әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану мұғалімдерінің қызметі дұрыс ұйымдастырылуда [2].

Осы тұста айта кететін жайт әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі мамандарының кәсіби іс-әрекет саласына жоғарыда аталған мемлекеттік заңнамалар бағытталған білім беретін ұйымдар, арнайы білім ұйымдары, пенитенциарлық типтегі мекемелер, сауықтыру орталықтарындағы әлеуметтендіруге арналған әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жатады.

Ал қазіргі дайындалып жатқан болашақ әлеуметтік педагог мамандарының жұмыс істейтін орындарына мемлекеттік құрылымдар, яғни ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалар құқығын қорғау комитеті, әлеуметтік бағыттағы мекемелер мен әлеуметтік қамсыздандыру, атап айтсақ жұмыссыздарға, жағдайы жоқтарға, еңбекке жарамсыздарға, еңбек ету мүмкіндігі шектеулілерге, қартқарияларға қолдау көрсету мен көмектесу

органдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелері (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, мектептер, балалар үйі, интернаттар, арнайы білім беру мекемелері), қоғамдық ортада тәрбиелеу проблемаларымен айналысатын мекемелер, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар, балалар клубы, студиялар, сауықтыру лагерлері сияқты балалардың бос уақыттарын ұйымдастырумен, қолдаумен, толыққанды әлеуметтенумен, дамуымен айналысатын мекемелер, т.б әлеуметтік институттар жатады. Аталған әлеуметтік педагог жұмысының кәсіби іс-әрекет саласы мен жұмыс орны ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындары үшін дайындалған ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген. Демек, бұл құжаттар әлеуметтік педагог мамандарын даярлау жүйесінде еліміздегі қажеттілік ролін айқындайтын жоғарыда аталған маңызды факторлардың негізі болып табылады [1].

Енді өзін-өзі тану пәні бойынша мамандардың қажеттілік роліне келсек, бұл пән адамның рухани мүмкіндіктерін дамыту жағынан жалпыұлттық қазақстандық идеалдармен сәйкес келетін мәдениет пен әлеуметтік нормаларды қалыптастыру мақсатын көздейді. Әрбір адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етіп отырғандықтан, әлемде болып жатқан өзекті мәселе үшін өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінуі қажет. Осыған орай, республикада аталған тәрбие жүйесін құру мақсатында 2001 ж. бері Сара Алпысқызының бастауымен «Өзін-өзі тану адамгершілік-рухани білім беру» бағдарламасы бойынша ашылған эксперименттік алаңдарда, нақтырақ айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, жетім балаларға арналған мектеп-интернаттарда жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде 2010 оқу жылында республиканың мектептеріне өзін-өзі тану оқу пәні ретінде енгізілді.

Егерде республикамыздың кейбір ЖОО-ларда осы сала бойынша маман даярлау

жүйесі сонау 1992 ж. бастау алғанын ескерсек, еліміздегі әлеуметтік педагог қызметі іс жүзінде өте баяу, тек теориялық тұрғыда ғана дамыды және бертінге дейін осы саласы үлгі елдердің тәжірибелерін жинақтаймыз деп ілдалдап қалдық десем, дұрысы сол. Біздің қоғамда әлеуметтік педагогтың қызмет аясының кеңдігіне қарамастан, ол жұмыстың мәні, мәртебесі, ролі туралы халық арасында дұрыс көзқарас қалыптаса қоймаған сияқты. Әлеуметтік педагог жұмысының қаншалықты деңгейде дамып отырғанын шетел тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы ғана көруге болады. Атап айтсақ, Ресей, Батыс елдерінде «әлеуметтік жұмыс» деген атаумен қабылданған әлеуметтік педагогтар білім беру ұйымдарына әлдеқашан енгізіліп, ол өміршеңдігін дәлелдеп қана қоймай, қоғамдық ортада әлеуметтік педагог мәртебесі кәсіби деңгейге көтерілгенді. 2009 ж. Копенгаген (Дания) қаласында өткен әлеуметтік педагогтардың XVII Халықаралық конгресс жұмысына әлемнің 42 мемлекетінен, оның ішінде Ресей Федерациясының да өкілдері қатысып, 2 қазан – Әлеуметтік педагогтардың халықаралық күні деп белгіленуі және шешім қабылдануы – осының бір айғағы. Мәселен, Ресейде 20 жыл ішінде әлеуметтік нысандарға кадрлар дайындайтын тәжірибелік алаңдар жұмыс істеп, онда жинақталған теориялық білімдер практикалық тәжірибеге ұласып, әлеуметтік педагог жұмысын дамыту мәселесін шешу нәтижелері нақтыланған [2].

Сол сияқты Польшада 1920 ж. бастап қоғамға енгізілген әлеуметтік қызметкерлер жүйесі тиімді әрекет етсе, АҚШ-та «Әлеуметтік жұмыс» бағдарламалары полицияның және кәмелетке толмағандардың ісі бойынша соттардың, сонымен қатар орта білім мекемелерінің базалық бағдарламалары бойынша құрылып, балаларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетудің нәтижелі деңгейде мол тәжірибесін жинақтаған. Швецияда әлеуметтік педагогтың

қызметіне жоғары өкілеттіктер жүктелгендіктен, қоғам алдында зор жауапкершілікке ие әлеуметтік қызметкердің ресми мәртебесі өте жоғары, кәсібі беделді, әлеуметтік қызмет муниципальды болғандықтан, полицияға немесе сотқа тәуелсіз болып табылады.

Бұдан түйетін ой мынаған саяды: сөз болып отырған елдерде әлеуметтік педагогтар мемлекет тарапынан мықты қолдау табуда, әлеуметтік іс-шаралар дұрыс жолға қойылып, оның дамуына барлық жағдай жасалуда, тіпті мемлекеттің өзі мүдделі болуда. Сол себепті де бұл саланың қоғамдағы ролі сөз болған елдерде айрықша әрі сұраныстағы мамандық иелері қатарында.

Әлеуметтік жұмыстар – қоғамдағы рухани құндылықтарды дамытып, адамдар арасындағы ізгі қасиеттерді биік қоюдың маңыздылығын арттыру қажеттілігінен туындаған және ол сонау ежелгі дүниеден бастау алады, бір сөзбен айтқанда, тарихы тым тереңде. Қайсы мемлекет, ұлт болмасын, оның өркениеттілігі, ең алдымен, ізгілігімен айқындалады. Адами қарым-қатынас бәрінен биік тұруы тиіс. Міне, осы тұрғыда әлеуметтік педагогтың ел ретінде дамып, жетілуі үшін маңызы аса зор. Олай болса, халықтың әлеуметтік те, рухани да, адами де деңгейін көтеруді мақсат тұтқан Тәуелсіз Қазақстанның даму жолында әлеуметтік жұмыс алдағы уақыттарда қоғамдық кәсіп түрінде танылатын мүмкіндіктерге ие болады деп ойлаймын. Адам қоғамға тәуелді мына заманда жан-жақты көмек беруге маманданған әлеуметтік педагогтардың қызметтік ролі мемлекеттік тұрғыда қолдауға ие болуы тиіс. Ол үшін әлеуметтік педагог мамандардың жұмыс істейтін нысандарын көбейту қажет. Нақтырақ айтсам, жетім балалар үйлерін, мүгедек және мүмкіндігі шектеулі балаларды сауықтыру орталықтарын, қарттар үйлерін, т.б. халықтың қорғансыз бөлігіне арналған мекемелерді қажетті мөлшерге дейін ашып, әлеуметтік педагогтың қызмет саласының мүмкіндігін кеңейту мәселесі қарастырылуы керек. Бұл болашақта

осы мамандық бойынша диплом алғалы отырған ЖОО түлектері үшін жұмысқа орналасу мәселесін шешудің оңтайлы жолы болып табылар еді.

Білім беру мекемелерінде бұл пән бойынша маман тапшылығы айқын сезілуде. Себебі пән адамтанудың құрамы ретінде психология, философия, әлеуметтік педагогика ғылымымен байланысты әлеуметтік мәні бар күрделі мәселелерді қарастырып, адамдардың әлеуметтік жауапкершілік, адами ізгі қасиеттерін қалыптастыруға негізделеді [3].

Сол себепті де пән өз деңгейінде өту үшін ұстаз оқу әдістемесін толық меңгерген маман болуы тиіс.

Еліміздің білім саласы үшін әлеуметтік педагогика ғылымын ендіру жалпы қолданылғанымен, педагогика-психология факультетінің мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасында ашылған әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы үшін студенттерді дайындаудың нормалық, стандарттық деңгейде алғаш 2006 оқу жылынан бастап біздің университетте ендіріліп отыр. Аталған мамандықты таңдаған жастар санына келсек, қазақ, орыс тілдерінде оқытудың күндізгі бөлімінде алғашқыда – 12. Ал 2012-2013 оқу жылында күндізгі бөлімде 100 адам, ал сырттай бөлім бойынша 9 адам оқиды. Негізі, бұл алғаш ашылып отырған мамандық үшін жаман емес, жоғары көрсеткіш десек те болады.

Қазір ЖОО-ларда осы мәселеге айрықша мән беріп отыр. Дайындалып жатқан өзін-өзі тану мұғалімдері мен әлеуметтік педагог мамандар әрбір мектеп, отбасылары, жетім балалар мен қарттар үйлері, сауықтыру және бейімдеу орталықтарында жүргізетін өзін-өзі тану мен әлеуметтік-жұмыс қызметтері арқылы адамгершілік-рухани білім беруге, әлеуметтік орта құруға бағытталған өзара үйлесімді жұмыстарымен аталған қажеттіліктерді толықтай орындай алады деп сенім артып отырмыз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттің тұтас қоғамдық ортасын құруға байланысты

2020 ж. дейінгі стратегиялық даму жоспарындағы басымдықтардың бірі – адами ресурстарды дамытуда ең алдымен оның әлеуметтік капиталының қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік функцияларды жүзеге асыратын факторлар төмендегідей:

- девиантты және деликвентті балалармен жұмысты күшейтуді жоспарлау;
- отбасы, мектеп, бос уақыттағы орта және тұтас қоғам құру;
- арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім ұйымдарына баса назар аудару;
- кәметке толмағандарды дағдарыс жағдайынан шығуға және өмірін орнықтыруға, баланы отбасымен қосуға көмек көрсету мен отбасын әрі қарай сүйемелдеу.

Міне, осылардың барлығы әлеуметтік жұмыскерлерге жүктелетін міндеттер. Қазір мемлекеттің әлеуметтік саяси ролінің күннен-күнге арта бастағанын ескерсек, отандық ЖОО-лардағы әлеуметтік жұмыскерлерге және өзін-өзі тану мамандығы бойынша даярланып жатқан жастар жоғарыда айтылған Елбасы қабылдаған бағдарламаның даму үдерістерін жүзеге асырушы кәсіби мамандар болмақ. Сондықтан да жоғары білім ошақтары мемлекеттің әлеуметтік саяси іс-әрекеттер жүйесін ұйымдастырушыларының бірі ретінде қоғамның әлеуметтік басымдықтарын, яғни экономикадағы осы мамандықтарға деген сұранысқа сай оқытудың кредиттік жүйесі негізінде білім беру, тәжірибе жинақтау мамандықты одан әрі ғылыми жетілдіруге бағыттайды. Педагогика-психология факультетінің әлеуметтік жұмыс маманын және өзін-өзі тану мұғалімі бойынша мамандар даярлау жұмыс берушілермен сыртқы байланыс орнату арқылы жүргізілуі тиіс. Былайша айтқанда, түлектердің жұмыс беруші мекемеде тәжірибеден өтуін де алдын ала қарастырып отыруымыз керек. Бұл мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында бекітілген оқу жоспарлары Қазақстан Республикасының білім беру аймақтарының бірлігін, әлеуметтік жұмыс сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Бұл – әлеуметтік қызметкер және өзін-өзі тану мұғалімі мамандарын дайындау сапасының жүйесі әлемдік тәжірибелерге сай келетін білімдерге негізделіп ұйымдастырылады деген сөз. Сондықтан арнайы әзірленген білім беру бағдарламалары студенттердің қажеттілігіне, қоғамның, еңбек нарығының сұранысына сәйкес құрылмаса болмайды. Сол себепті де қазір студенттердің мамандыққа сай жаңа пәндер циклдері бойынша білім алуларын көздеп отырмыз. Мәселен, әлеуметтік педагогика, отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, өзін-өзі тану, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы, т.б. Тағы бір маңызды мәселе – бұл пәндерді оқыта отырып, студенттің осы мамандыққа деген қызығушылығын арттыру, машықтандыру мақсатында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, педагогикалық-өндірістік тәжірибе түрлерін мейлінше арттыру. Неге? Өйткені студенттердің кәсіби дайындығы алған теориялық білімі мен практикалық біліктілігі арқылы анықталады. Әлеуметтік жұмыс маманы теориялық дайындығының мазмұны оның әлеуметтік жұмысты жүргізуде сүйенетін заңнамалық, құқықтық актілер туралы біліктіліктерінің анықталуынан байқалса, практикалық дайындығының мазмұны әлеуметтік жұмыс жоспарларын іске асыру барысында әлеуметтік-терапевттік даму дәрежесімен айқындалады. Бұл әлеуметтік жұмыс маманына нақты берілген теориялық білімді белгілеуде әлеуметтік жұмыс технологиясын жүзеге асыру біліктілігінің бірлігі ретінде кірістірілген сапалық ерекшеліктерін көрсетеді. Әлеуметтік жұмыс маманын және өзін-өзі тану мұғалімін кәсіби қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Мәселен, әлеуметтік жұмыс мамандығына түскенге дейін кәсіби-педагогикалық дайындық кезінде және әлеуметтік маман ретінде өз бетінше жасаған жұмыс кезеңі деп, бірақ осы кезеңдердің арасында маманды кәсіби әлеуметтік педагог тұлғасына дейін дамытатын әлеуметтік кәсіби іс-әрекет, яғни практика

арасында өзара педагогикалық сабақтастық болуы шарт [3].

Әлеуметтік педагог, бір жағынан, өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттілігіне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытылып тәрбиеленсе, екінші жағынан, қайырымдылық, ізгі іс-әрекет арқылы әлеуметтік маңызды идеяларды, дәстүрлерді қолдайтын, мәдениет жетістіктерін сақтаушы және оны халыққа жеткізуші маман ретінде қоғамға қызмет ететін болып дайындалуының да маңыздылығы зор. Қысқасы, маман дайындаудың сапасын жақсартудың механизмі – теория мен практиканы қатар алып жүру.

Студенттердің әр түрлі мекемелермен қоян-қолтық қарым-қатынастары оларды кәсіби шыңдап, тек мемлекеттік мекемелерде ғана емес, қоғамдық ұйымдарда да іркілмей жұмыс істеулеріне мүмкіндік берері сөзсіз. Мұндай тәжірибе аса қажет, студенттердің волонтерлік жұмыстары бір ғана акциямен шектелмей, үзіліссіз жалғасын тапса, әлеуметтік жауапкершілікті талап ететін дәстүрлі мұрат-міндетке айнала ма деймін. Қазір клубтың мүшелері болашақ әлеуметтік

педагог және өзін-өзі тану пәнінің мамандары ретінде өзінің кәсіби іс-әрекет теориясына негізделген әлеуметтік-педагогикалық білімдерін жетілдіре отырып, әлеуметтік жауапкершіліктерін абыроймен жүзеге асыруда. Маман дайындаудың сапасын осы сынды шаралармен де көтеруге болады. Мәселен, қазіргі кезде студенттер оқу мен тәжірибені қатар ала жүріп, білім-біліктілігін жан-жақты ұштады.

Педагогика-психология факультетінің мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасында дайындалып жатқан әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарының білім-біліктілігін, отандық білім беру саласының әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімдерінің қажеттілік ролін, оның даму барысын осы сынды шаралармен де белгілеуге болады. Барлық жұмыстары әлеуметтік білім беру шарттарына сәйкес белгіленген стандарт аясында жүзеге асып, студенттердің білім деңгейі мен әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің кәсіби іс-әрекет түрлеріне бағытталған барлық әлеуметтік жұмыс кешенін меңгеру негізінде құрылған.

Әдебиеттер

1. Жоғары оқу орындарында инновациялық білім беру үрдістерін кәсіби басқаруды қалыптастырудың ұсынылған үлгісін сынау және тәжірибелік сынақтан тексеру // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2007. – №4. – Б. 68-72.
2. Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру біліктіліктерін қалыптастыру // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Тараз, 2008.
3. Жоғары мектепте білім беруді ақпараттандыру жағдайы, мәселелері және перспективасы // ПМУ хабаршысы, физ.-мат. сериясы. – Павлодар, 2010. – №2.

Резюме

Для достижения личностью поставленных целей в области образования необходимо освоить основные компетенции: знания, навыки, умения, в связи с этим можно указать основные направления компетенции в образовательных технологиях.



ӘОЖ: 821.512.12(81):93/94

Ш.Б. Сағатова, фил.ғ.к., аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ

ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ СЫН МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасырдың жиырманшы жылдары қазақ сынының қалыптасуының алғашқы кезеңдері еді. Бұл кезең қазақ әдебиеті сыны тарихының бастауы болып табылады. Дәл осы кезеңде сынға жаңаша көзқарас, жаңа ұстаным пайда болды. Сол кезеңдегі сындың тууы, қалыптасуы мен дамуы елімізде болып жатқан идеологиялық күрес жағдайында өтті.

Негізгі ұғымдар: жиырманшы жылдардағы әдебиет, әдебиет сыны, сын тарихы.

Жиырманшы жылдардағы қазақ әдеби сынының басты әдіснамалық кемшілігі шығарманы талдағанда мазмұнын бөлек, түрін бөлек алып қарастыруы еді. Түр мазмұндың көрінісі, әдеби шығарманың біртұтас туынды екендігі ескеріле бермеді. Мазмұны жақсы, түрі нашар, немесе түрі жақсы, мазмұны нашар деген сияқты сындардың көп болуы себебі сондықтан. Бірінші орынға мазмұны қойылды да, көркемдігі жоғары болғанымен, идеясы коммунистік идеологияға сәйкес келмесе, бәрібір ол шығарма нашар деп танылды. Сол кездегі әдеби сынга қойылған талаптарды Хамза Жүсіпбековтің «Әдебиет тексеру ережелері. Әдебиетті Маркс, Ленин жолдарымен сынаудың негіздері» [1] атты («Жыл құсында» 1928 жылы №2-санын) мақаласынан анық көреміз. «Ең әуелі біз ескі әдебиет болсын, жаңа әдебиет болсын, қысқасы не нәрсені сынасақта, мынаны негізге алып сынаймыз. Сол істеп отырған нәрсе біздің түпкі ұсталған мақсатымызға және қазіргі күнде сол мақсат үшін істеп отырған ісімізге пайдалы ма, зиянды ма? Қандай зияны, қандай пайдасы бар деген көзбен қараймыз.

Екінші сөзбен айтқанда, біз Абайдың өлеңін алсақ, соны, жалпы алғанда, мазмұн жағынан қандай пайдасы, зияны барлығын қарауымыз керек. Біз не нәрсенің болсын, қандай әдебиет болмасын, түрі емес, мазмұнын тергеп алып қараймыз. Біз әрбір әдебиетті сынағанда коммунистік бағытты алға

ұстап, таптық көзбен қарағанда, әрбір жазбалы әдебиеттердің қандай маңызы мен мәнісі барын ашумен қатар, төңкеріске қарсы мазмұнды әдебиетпен аянбай күресіп отыруымыз керек» [1] – деген жолдардан кеңес өкіметінің әдеби сындың алдына қойған негізгі мақсаты айқын көрінеді. Осы әдіспен келіп, Х. Жүсіпбеков Абайды былайша сынады: «Ескі әдебиетті алғанда, Абайды алсақ, мазмұн жағынан, бізге пайдасынан зияны көп. Бірақ түр жағынан үлкен пайдасы бар, біз Абайдың өлеңін сынасақ, Абайды қазақ ел бол, партияны қой, өнер тап, еңбек қыл дегеннің мәнісі не, оны неге айтып отырғанын тексеру керек. Абайдың заманы – қазақ елінің ақсақалдық дәуірі. Қазақтың мәдениет үшін оралғы болған байлардың дәуірі, өшіп келе жатқан дәуірі» [1].

Сөйтіп, Абайды сынаудың идеологияның дайын қалыбына салып жібергенде, ол ескішіл, кертартпа болып шыға келді. Тек Абай ғана емес, осы қалыппен келіп, төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетінің барлығы дерлік байшыл, зиянды, халыққа жат саналды.

Жиырманшы жылдардағы айтыста белсенділік танытқан Ы. Мұстамбаев 1927 ж. «Қызыл Қазақстанның» №45 санында Абайды солақай сындардан барынша қорғады. Өйткені, Абайдың мәселесі дұрыс шешілмей, әдебиеттің мәселесі дұрыс шешілмейтінін сынды дұрыс түсінді. Сондықтан да Ы. Мұстамбаев Абай туралы айтылып жүрген біржақты пікірлерге қарсы шықты.

Ол: «Қазақтың нағыз әдебиеті Абайдан басталады». «Қазақ елінің тұңғыш шын ақыны – Абай», «Ұлтшылдар Абайды жақсы көреді деп Абайды Абай демеуге бола ма?» [2] – деген пікір айтты «Көркем әдебиет туралы» атты мақаласында.

С. Мұқанов Ыдырыстың Абай туралы айтқан пікірлеріне тағы да қарсы дау айтты. Сәбит «қазақ әдебиеті Абайдан басталады» деген Ыдырыстың пікірін жоққа шығарып, өз дәлелдерін ұсынады. «Ар жағында түк болмаса да, Абай бұйырып соққан ұстаның пышағындай жаңадан қазақ әдебиетін қолдан соқсын! Міне, қызық, осы да затшылдық па? Негізсіз, материалсыз, турадан тура басталып кететін жұмыс бола ма екен. Менің әлі де айтатыным: Абайдың ар жағында да қазақтың жақсылы-жаманды әдебиеті болды. Сол әдебиеттер сарқылып келіп, Абай заманында бір қазық қағып өтті» – деп назар аударарлық ой айтады да, сөзінің соңын «Осының кезеңіне Абай кез келген соң, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр тарихтың қағушысы болды да жүре берді», – деп жазады ол. «Әркім «өзінше» ойлайды» [3] атты мақаласында («Жаңа әдебиет» 1928 ж. №3 санында шыққан) автор пікірінің аяғын бұлталақтатып, Абайды мойындағысы келмеген ыңғай танытады. Сәбит «Абай – байшыл табының ақыны», «Абай байшылдықтан қашса да, құтыла алмайды», «Абай кедейге көріне қарсы жазған жоқ. Бірақ кедейшіл емес, байшыл» дей отырып, «Абай жаңашыл. Онысында дау жоқ. Өз заманында пайдалы адам болды. Әлі де пайдасы бар. Онысында да дау жоқты» айтқанымен де, «Бірақ ол – өнерге ұмтылған қазақтың ақ сүйектіктен жаңалыққа ұмтылған жаңашыл байының тілегінен туған ақын» екендігін ескертуді де ұмытпаған. С. Мұқановтың бұл айтқандарына Ы. Мұстамбаев «Жөн-жөн, Сәбит!!! Онан да қазақша: «Абай – арамтамақ» [4] деп бір-ақ айтсаңшы» – деп кекетіп алып, «Тарихта жалғассыз еш нәрсе жоқ. Қазақтың бұрынғы кәкір-шүкір әдебиеті болсын, орыс әдебиеті болсын, Абайға азық

болды, олар барып Абайды туғызды. Абай болған соң, Байтұрсынов болған соң, бұл күндерде Сәбит шықты» [4], – деп пікірін нақтылай түсті.

«Ұлт әдебиеті жайлы жазба» (Заметка о национальной-литературе. «Новый восток» (1928 ж. №23-24 сандарында) [5] тақырыбындағы мақала жазған Аршуринов Абайды бастан-аяқ қаралады. Оның дүниетанымы, философиясы қате, сондықтан да өлеңдері зиянды деп тапты.

Әдебиет туралы айтыстың барынша қызған кезеңінде І. Қабыловтың «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оған сын» [6] атты мақаласы «Советская степьте», 1928 ж. шілденің 2-сінде және «Тағы да Абай және байшылдар туралы» [7] атты «Еңбекші қазақта» 1929 ж. қарашаның 20-сында көлемді мақаласы шықты.

«Абай және оның дәуірі», «Абайдың философиясы», «Абайдың методы», «Қоғам туралы Абайдың ілімі» және басқа да тұжырымдардан тұратын көлемді мақалада автор марксизм-ленинизм іліміне сүйене отырып, Абайды бастан-аяқ қаралайды. Автор Абайдың философиясын дінмен ұласқан буржуазиялық-идеалистік философияның қазақ даласындағы көрінісі деп бағалап, партия ұйымдарының жуық арадағы міндеттерінің бірі ретінде буржуазияның қалдығы деп танып, Абай ілімін, оның жақтастарын талқандауды алға қойды.

XX ғ. жиырмамыншы жылдарында қазақ әдебиетінің негізгі жанларымен бірге оның сыны да дами түсіп, жан-жақты жаңа саяси жағдайға байланысты әдебиеттің алдында тұрған міндеттерді айқындау ісінде белсенділік танытты. Әдеби, фольклорлық мұраға көзқарас, әдебиеттің жаңа заманда алатын орны, оған қойылатын талаптар, көркем шығарманы бағалау өлшемдері хақында кеңінен пікірлесулер болып өтті.

Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуында жиырмамыншы жылдардағы әдеби айттыстардың алатын орны ерекше. Сыншылар өз кезеңінде шыққан жаңа шығарма-

ларға әдеби тұрғыдан баға беріп қана қоймай, оны дамытуды сол кездегі мәселелер тұрғысынан талқылап, бағыт сілтеуге талпыныс жасады. Жиырманшы жылдардағы әдеби сынның бай тәжірибесі мен нәтижелері, әдеби айтыстардың іші құпия сырға толы.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен сынының дамып қалыптасуына атсалысқан алаш азаматтарының еңбектері бүгінгі таңда зерттеліп, халқына қайта оралып, ел игілігіне айналып отыр. Жиырманшы жылдардағы әдебиетті қарастырғанда, саяси билік пен түрлі ағымдардың әдебиет жайындағы көзқарастары қарама-қайшы болып отырғандығы анық байқалады. Саяси билік әдебиетте тек пролетарлық бағыт қана үстем болсын десе, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Сәдуақасов, Қ. Кемеңгеров сынды алаш азаматтары әдебиет саласына саясаттың араласуына түпкілікті қарсы екендіктерін өз мақалаларында салмақты ой-пікірлерімен дәлелдеуге талпынды. Ақын-жазушылар мерзімді басылым беттерінде әдебиет, өнер, мәдениет туралы өз пікірлерін жиі білдіріп қана қоймай, түрлі пікірталастарға да батыл барып отырды. Осы кезеңде әдебиеттің сын саласына араласпаған ақын-жазушы кемде-кем десе де болғандай. Түрлі пікірталастарға қатысқан әрбір қаламгердің пікірлерін саралап отырсақ, әдебиеттің болашағы үшін күрескен небір ақжарма батыл пікірлердің куәсі боламыз. Осы қайраткерлер жазып қалдырған әдеби ой-пікірлер біртіндеп зерттеліп, ғылыми айналымға енуде.

Әсіресе, жиырманшы жылдардағы қызу жүріп өткен әдеби айтыстардың мән-маңызын, дұрысы мен бұрысын тарих тұрғысынан қарастырып, әділ баға беру, қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев шығармаларының тағдыры туралы әдеби айтыстарды талдау, осы шығармашылық иелерін қорғап қалуға үлкен үлес қосқан алаш қайраткерлерінің мұраларын саралау қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі күнінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы кездегі әдеби айтыстардың қазақ ұлтының мүддесіне тікелей қатысы бар және рухани салада орасан зор маңызға ие, яғни қазақ әдебиетінің ұлттық жолымен дамуы үшін күрес туралы тарихтың алтын беттері осы жылдарда жазылып қалды.

XX ғ. жиырманшы жылдарындағы әдеби айтыстардың өзіндік сипатын аша отырып, сынның дамуы мен дағдарысын, сол кезеңде жазылған әдеби сын мақалалар мен зерттеулердің танымдық-тағылымдық бағыттарының әдеби дамуға тигізген ықпалын, идеологиялық қыспақтың әдеби сын мен әдебиетші-сыншылардың шығармашылықтарына тигізген кері әсерін, жиырманшы жылдардағы әдеби айтыстың жанрлық ерекшеліктерін аша отырып, әдебиет және оның даму бағыты туралы пікірталастардың мән-маңызын, мағжантану, абайтану туралы айтыстардың барысын, жекелеген сыншылардың жалпы әдеби сынның дамуына тигізген шығармашылық ықпалын айқындай түсудің бүгінгі әдебиеттану үшін маңызы зор.

Әдебиеттер

